YESSENOV UNIVERSITY

ISSN 1684-9299
Подписной индекс 76061

Yessenov Science Journal

№1 (44) 2023

Yessenov Science Journal

Ғылыми журнал 2002 жылдың маусым айынан бастап шығарылады.
Жылына 2 рет шығады
Жекеменшік –
«Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» КЕАҚ

Редакция мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы, 130000, Ақтау қ., 32 шағын аудан, Есенов университеті, бас ғимарат.
Тел./факс: +7(7292)788-788(259)
Сайт: www.ysj.yu.edu.kz

Журнал Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде қайта тіркеуден өткен куәлік №17181-Ж 21.06.2018ж.
ISSN 1684-9299
Тираж 300 дана
Есенов университетінің редакциялық-баспа бөлімінде басылып шықты

Редакция кеңесі
Бас редактор: Ахметов Б.Б., т.ғ.к., профессор, академик
Бас редактордың орынбасары:
Нұрмағанбет Е.Т., PhD, профессор
Жауапты хатшы: ДжанисеноваА.М.
Чоудхури Д., PhD, Ұлыбритания
Судаков А.К., т.ғ.д., профессор, "Днепровская политехника" ҰТУ, Днепр қ., Украина
Боран-Кешишьян А.Л., т.ғ.к., доцент, Новороссийск қ., Ресей
Mohamed Othman, PhD, Путра Университеті, Малайзия
Янковский Г., профессор, Познань қ., Польша
Ратов Б.Т., т.ғ.д., профессор, Каспий қоғамдық университеті,
Шибикеева А.М., PhD, ҚазҰАУ
Серикбаева А.К, т.ғ.к., профессор, Есенов университеті
Саймағанбетова Г.А., э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Есенов университеті
Сырлыбекқызы С., PhD, профессор, Есенов университеті
Таймуратова Л., ф-м.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Есенов университеті
Ахметова Д., PhD, профессор, Есенов университеті
Каражанова М.К, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Есенов университеті

Yessenov Science Journal

Научный журнал издается с июня 2002 года. Периодичность 2 номера в год

Собственник –
НАО «Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова»

Адрес редакции:
Республика Казахстан, 130000,
г. Актау, 32 мкрн., здание университета Есенова.
Тел./факс: +7(7292)788-788(259)

Сайт: www.ysj.yu.edu.kz

Журнал перерегистрирован в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан Свидетельсьво №17181-Ж 21.06.2018 г.
ISSN 1684-9299
Тираж 300 экз.
Отпечатано в редакционно-издательском отделе Университета Есенова

Редакционный совет:
Главный редактор: Ахметов Б.Б., к.т.н., профессор, академик
Заместитель главного редактора:
Нұрмаганбет Е.Т., PhD, профессор
Ответственный секретарь:
ДжанисеноваА.М.
Чоудхури Д., PhD, Великобритания
Судаков А.К., д.т.н., профессор, НТУ университет «Днепровская политехника», г.Днепр, Украина
Боран-Кешишьян А.Л., к.т.н., доцент, г. Новороссийск, Россия
Mohamed Othman, PhD, Университет Путра, Малайзия
Янковский Г., профессор, г.Познань, Польша
Ратов Б.Т., д.т.н., профессор, Каспийский общественный университет
Шибикеева А.М., PhD, КазНАУ
Серикбаева А.К. к.т.н., профессор, Университет Есенова
Саймағанбетова Г.А., к.э.н., профессор, Университет Есенова
Сырлыбекқызы С., PhD, профессор
Таймуратова А., к.ф-м.н, ассоциированный профессор, Университет Есенова
Ахметова Д., PhD, профессор, Университет Есенова
Каражанова М.К, к.т.н., ассоциированный профессор, Университет Есенова
Егенисова А., к.п.н., профессор, Университет Есенова

Yessenov Science Journal

Scientific Journal published
Since June 2002.
Periodicity: 2 times a year

Proprietary-
NP JSC «Sh.Yessenov Caspian University
Of technologies and engineering »

Editiorial address: Republic of
Kazakhstan,
130003, Republic of Kazakhstan,
Mangystau region
☎Aktau city, 32 microdistrict

Web-site: www.ysj.yu.edu.kz

Journal is re-registered in the Ministry of

Culture and Information

Republic of Kazakhstan

Certificate №17181-Ж dated 21.06.2018

ISSN 1684-9299

Circulation: 300 copies

Printed in Yessenov University

Editorial Board:
Chief Editor: Ahmetov B.B., candidate of Engineering Sciences, professor, academician
Deputy Cheief Editor: Nurmaganbet E.T., PhD, professor
Executive Secretary: Dzhanisenova A.M.
Chowdhury D., PhD, Great Britain
Sudakov A.K,, Doctor of Technical Sciences, Professor,
NTU University "Dnipro Polytechnic", Dnipro, Ukraine
Boran-Keshishyan A.L., candidate of Engineering Sciences, Novorosiisk, Russia
Mohamed Othman, PhD, Putra University, Malaysia
Jankowski G., prof., Poznan, Poland
Ratov B.T., Doctor of Technical Sciences, professor, Caspian Public University
Shibikeeva A.M., PhD, KazNAU
Serikbayeva A.K, candidate of Engineering Sciences, professor, Yesenov University
Saimaganbetova G.A., candidate of Economic Sciences, associate professor, Yesenov University
Syrlybekkyzy S., PhD, professor, Yesenov University
Таймуратова А., candidate of Physico-Mathematical Sciences, associate professor, Yesenov University
Akhmetova D., PhD, professor, Yesenov University
Karazhanova, M. K, candidate of Engineering Sciences , associate professor, Yesenov University
Yegenissova A., candidate of Pedagogic Sciences, professor, Yesenov University

Yessenov Science Journal
ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ
ГУМАНИТАРНЫЕ И ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ

ӘОЖ 159.923.35:378 (043.3)
ҒТАХР 15.21.45
DOI 10.56525//BHDO6750

ПРОКРАСТИНАЦИЯ ЖӘНЕ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТ БАЙЛАНЫСЫНЫҢ САНДЫҚ ЗЕРТТЕУІ

***АХМЕТОВА Д.Б.**
Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан
E-mail: a.jamilya.b@gmail.com
БЕГИМОВА М.М.
Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан
E-mail: malikabegimova@gmail.com
***Автор-корреспондент:** a.jamilya.b@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада прокрастинация құбылысы мен студенттердің эмоционалды интеллект деңгейі арасындағы байланысты сандық зерттеу нәтижелері қарастырылған. Эмоционалдық интеллект өзінің және басқалардың эмоцияларын тану, түсіну және оларды басқару қабілеті ретінде анықталады. Заманауи психология және басқа да салаларда эмоционалды интеллект ең қажетті құзыреттіліктер тізіміне енді. Ал, прокрастинация ұғымына келетін болсақ, ол қазіргі адамның жеке, әлеуметтік, өмірлік және кәсіби салаларында өзін-өзі анықтау процесін ынталандыратын фактор болып есептеледі. Ағылшын тілінен аударғанда «прокрастинация» сөзі «кейінге қалдыру» деген мағынаны білдіреді. Шетелдік бірнеше зерттеулерге сәйкес, бұл құбылыс эмоционалды, мінез-құлық және мотивациялық компоненттерді қамтиды. Сонымен қатар, кейінге қалдыру адам бойындағы алаңдаушылық пен стресс деңгейін арттырады, өйткені адам мәнді тапсырмаларды орындаудың орнына стрессті төмендететін қажетсіз іс-әрекеттерге жол береді. Жағымсыз сезім пайда болып, - көңілсіздік туады, өйткені көптеген қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкін еместігіне адмның көзі жетеді. Сонымен қатар, мұндай тұлғалардың бойында перфекционизм туындай бастайды. Қазіргі таңда заманауи студенттер арасында академиялық прокрастинацияның жоғары деңгейге көтерілді. Ақапараттың көбейуі, техникалық гаджеттер саны артуы, әлеуметтік желілердің көп уақыт алуы сияқты факторлардың әсерінен уақытты дұрыс қолдану көптеген білім алушылар үшін қиындады. Эмоционалды интеллект адамның өз эмоцианалды күйі мен эмоцияларын дұрыс түсінудің арқасында, стресстің алдын алуға және тұлғалық тиімділікке бет бұруға мүмкіндік береді. Өйткені өзінідік сана, өз-өзін басқару және ынталандыру сияқты тұлғалық қасиеттер негізінде эмоционалды интеллект жатады.

Зерттеудің нәтижесінде перфекционизм эмоцияларды түсінуге және басқаруға мүмкіндік беретінін, сонымен қатар басқа адамдармен сапалы қарым-қатынас орнатуға көмектесетіні анықталды.

Түйінді сөздер: эмоционалды интеллект, прокрастинация, кейінге қалдыру, жеке қасиеттер, мотивация, өзін-өзі ұйымдастыру.

Кіріспе. Қазіргі заманауи қарқынында күнделікті өмір мен оқудың көптапсырмалылығынан зардап шегетін студенттер прокрастинация (кейінге қалдыру) құбылысына өте бейім. Көбінесе бұл құбылыс қалауы болмағандықтан туындайды, яғни адам бір тапсырманы мінсіз немесе тіпті орындағысы келмейді, сондықтан ол сол тапсырманы кейінге қалдырады немесе мүлдем жасамайды. Прокрастинация – бұл адамның мінез-құлқына теріс әсер ететін, яғни тиімділікке әкелмейтін және адамның психологиялық денсаулығына қауіп төндіретін жеке қасиет және бұл әсіресе студенттер үшін өте маңызды.

Соңғы жылдары эмоционалды интеллект ұғымы ғылыми психологияда үлкен даңққа ие болды. Бүгінгі таңда әлемде жүздеген оқулықтар жарық көрді, жыл сайын адам қызметінің әртүрлі салаларында эмоционалды интеллекттің әсерін зерттеу бойынша көптеген зерттеулер жүргізілуде.

Эмоционалды интеллект консорциумы әртүрлі салалардағы практиктиктердің күшті қозғалысы ретінде жұмыс жасайды [1]. Бұл қоғамдастыққа ғалымдар мен практиктер, ғылыми зерттеулердің, басылымдардың және практикалық әдістердің авторлары, эмоционалды интеллектті зерттеуге, өлшеуге және дамытуға арналған тренингтер бағдарламаларын ұйымдастырады.

Жалпы алғанда, эмоционалдық интеллект (ЭИ) өзінің және басқалардың эмоцияларын тану, түсіну және оларды басқару қабілеті ретінде анықталады. Эмоциялық интеллект ұғымы Э.Торндайк (1920), Дж.Гилфорд (1967) және Г.Эйзенктің (1995) әлеуметтік интеллект концепциясынан бастау алады [2-4]. Эмоциялық интеллект дамуының басталуы Г.Гарднердің (1983) бірнеше интеллект теориясымен де байланысты [5]. Гарднер өз теориясында тұлғаішілік және тұлғааралық интеллект ұғымдарын ажыратады. Тұлғаішілік интеллектті ол «өзінің эмоционалдық өміріне, аффекттері мен өз эмоцияларына қол жеткізу: сезімдерді лезде ажырату, оларды атау, символдық кодтарға аудару және өз мінез-құлқын түсіну және басқару құралы ретінде пайдалану қабілеті» деп сипаттайды. [5, с.59]. Робертс, Зайднер, Мэттьюс және Люсиннің мақаласында [6] психологияда эмоционалды интеллекттің екі түрлі моделін анықтайды: аралас модельдер және қабілет модельдері. Аралас модельдерге когнитивті, жеке және мотивациялық қасиеттер кіреді, оларды өздігінен есеп беру арқылы өлшеуге болады. Басқа модельге сәйкес, эмоционалды интеллект – бұл эмоциялардағы ақпаратты өңдеуге көмектесетін белгілі бір қабілеттердің жиынтығы: эмоциялардың мағынасын, олардың бір-бірімен байланысын анықтау, эмоционалды ақпаратты ойлау мен шешім қабылдаудың негізі ретінде пайдалану [7,8].

Қазіргі уақытта ЭИ зерттеу үшін ең танымал үш тәсіл бар:

- Дж.Мейер мен П.Саловейдің қабілеттерінің моделі ретінде [7,9];
- Эмоционалды-әлеуметтік интеллект (ЭӘИ) Р. Бар-Он [10];
- ЭИ эмоционалды құзыреттілік моделі ретінде [11,12].

Жоғарыда аталған үш модель қазіргі уақытта ең маңызды және үлкен болып табылады. ЭИ-дегі көптеген жеке зерттеулер мен бағыттар осы ағымдардың біріне негізделген.

"Прокрастинация" термині, түбірі латынның "cras" сөзінен шыққан - ертең, алға жылжу дегенді білдіретін "pro" префиксін байланыстырады. Ағылшын тілінен аударғанда «прокрастинация» сөзі «кейінге қалдыру» дегенді білдіреді. Зерттеулер көрсеткендей, бұл құбылыс эмоционалды, мінез-құлық және мотивациялық компоненттерді қамтиды.

Прокрастинация - қазіргі адамның жеке, әлеуметтік, өмірлік және кәсіби салаларында өзін-өзі анықтау процесін ынталандыратын фактор. Сонымен қатар, кейінге қалдыру адам бойындағы алаңдаушылық пен стресс деңгейін арттырады. Адам мәнді тапсырмаларды

орындаудың орнына ерекше мәні жоқ іс-әрекеттермен айналысады. Нәтижесінде жағымсыз сезім пайда болады - көңілсіздік, өйткені көптеген қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкін еместігі [13].

Прокрастинацияның субъективті эмоционалды тәжірибесі көбінесе теріс деп бағаланады, өйткені кейінге қалдыру процесінде адам өз істерін уақтылы аяқтамаудан зардап шегеді, алаңдаушылық, кінә, жағдайдың оң аяқталатынына сенімсіздік артады. Бұл құбылыс адамның әр қызмет саласына әсер етеді: білім беру (емтиханға дайындықты кейінге қалдыру), еңбек (жұмысты уақытында тапсыра алмау), әлеуметтік (маңызды кездесулер мен шақыруларды кейінге қалдыру), тұрмыстық (жоспарлы үй жөндеуді кейінге қалдыру) [14].

К.Лэй (К.Лэй, 1986) прокрастинацияны "жеке тұлғаның өзіне жағымсыз салдарға қарамастан жоспарланған іс-әрекеттерді ерікті түрде қисынсыз кейінге қалдыру" деп анықтады. Негізінен, адам психикасы кейінге қалдыруды кейбір жағымсыз оқиғалардан туындаған стресспен күресу құралы ретінде пайдаланады. Алайда онымен бірге кейінге қалдырудың өзі одан да артық стрессті тудыруға алып келеді [15,16].

Қазіргі кезде студенттер арасында академиялық прокрастинацияның жоғары деңгейін байқауға болады, студенттердің көпшілігі тапсырмаларды мерзімдердің соңғы күнінде тапсырады, қоңырауға бір минут қалғанда келіп бастайды, емтиханға бір күн қалғанда дайындалады. Прокрастинация деңгейіне (әсіресе академиялық) келесі факторлар әсер етуі мүмкін: перфекционизм, мотивацияның жеткіліксіздігі және мазасыздық деңгейі.

Эмоционалды интеллект адамның эмоцияларды тану және басқа адамның эмоциясын түсіну қабілеті ретінде анықталады. Д. В. Люсиннің айтуы бойынша, эмоционалды интеллект – бұл "өзінің және басқалардың эмоцияларын түсінуге және басқаруға "әкелетін қабілеттер жиынтығы. Люсин адамдағы эмоционалды интеллектті өлшеудің екі аспектісін анықтайды.

1. Фокус: тұлғааралық эмоционалды интеллект - эмоциялардың сыртқы көріністеріне негізделген басқа адамның эмоционалды жағдайын түсіну және басқару қабілеті. Тұлғаішілік эмоционалды интеллект – бұл өз эмоцияларын түсіну және бақылау қабілеті.

2. Қабілет: эмоцияларды түсіну – эмоцияны тану және анықтау, сондай-ақ осы эмоциялардың пайда болу себебін түсіну қабілеті. Эмоцияны басқару – ішкі және сыртқы эмоциялардың ауырлық дәрежесін басқару мүмкіндігі.

Эмоцияларды білдіру және басқару қабілеті нақты міндеттерді шешуде негіз болып табылады. Эмоционалды интеллект – бұл адамның әлеуметтік мінез-құлқына әсер етуге мүмкіндік беретін құрылым және осылайша кейінге қалдыруды жеңуге көмектеседі [17, 18].

Берілген мақала авторлары эмоционалды интеллект деңгейі жоғары студенттер кейінге қалдырудың тиімсіз екенін түсінеді, сондықтан олар тапсырмаларды алдын ала орындай бастайды деп болжайды. Прокрастинация мен эмоционалды интеллект деңгейі арасындағы байланысы маңызды болып көрінеді.

Бұл зерттеудің мақсаты – ЖОО-ның студенттеріндегі эмоционалды интеллекттің көрінісі мен прокрастинация арасындағы байланыс деңгейін анықтау.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Зерттеуге Ш.Есенов атындағы Каспий инжиниринг және технологиялар университетінің 2-3 курс студенттері қатысты. Барлығы 49 студент қатысты, олардың 41-і әйел (84%) және 8 ер адам (16%), олардың жасы 17-22 жас (орташа жасы 19 жас) құрайды.

Келесі гипотезалар ұсынылды:

1) эмоционалды интеллекттің жоғары деңгейі студенттердің прокрастинацияның төмен деңгейін анықтайды;

2) эмоционалды интеллекттің төмен деңгейі прокрастинацияның жоғары деңгейін анықтайды;

3) эмоционалды интеллект деңгейі прокрастинацияның көрініс деңгейіне әсер етпейді.

Зерттеу келесі әдістердің көмегімен жүргізілді:

1) "В. Д. Люсиннің эмоционалды интеллектісі" сауалнамасы (ЭмИн);

2) "Прокрастинацияның көрініс дәрежесі" сауалнамасы (М. А. Кисилева);

3) Деректерді математикалық өңдеу әдістері (SPSS statistics 26.0) және зерттелетін көрсеткіштер арасындағы айырмашылықтардың дұрыстығын бағалау әдістері (Пирсонның дәрежелік корреляция коэффициенті).

Зерттеу нәтижелері. 1-диаграммада көрсетілгендей, «Прокрастинацияның көрініс дәрежесі» сауалнамасы бойынша көрсеткіштер (М.А. Кисилева): студенттердің 71,5% (35) жалпы прокрастинация деңгейі жоғары, орташа деңгей 26,5% (13) және студенттің тек 2% (1) жалпы прокрастинацияның көрсеткіші төмен. Студенттердің 59% (29) орташа мотивациялық жеткіліксіздік, 24% - да жоғары (12) және 16% - да төмен деңгей (8) көрсетті. Зерттеуге қатысушылардың шамамен 73,5% (36) перфекционизмнің орташа деңгейін, жоғары – 20,5% (10), төмен – 6% (3) көрсетті. Мазасыздықтың орташа деңгейі зерттеушілердің жартысынан көбінде байқалады – 55% (27), жоғары – 26,5% (13), төмен – 18,5% (9).



Диаграмма 1 - «Прокрастинацияның көрініс дәрежесі» бойынша көрсеткіштер (М.А.Кисилева)

2-диаграммада көрсетілгендей «Эмоционалды интеллект сауалнамасы» бойынша көрсеткіштер (В.Д.Люсин): көптеген студенттер орташа мәнді тұлғааралық ЭИ, тұлғаішілік ЭИ, эмоцияларды түсіну сияқты көрсеткіштерде көрсетеді және жалпы алғанда ЭИ орташа деңгейіне ие. Қатысушылардың 50% - дан астамы тұлғааралық және тұлғаішілік эмоционалды интеллект, эмоцияны түсіну және эмоционалды интеллекттің жалпы деңгейі бойынша өте төмен және төмен мәндерді көрсетті.



Диаграмма 2 - «Эмоционалды интеллект сауалнамасы» бойынша көрсеткіштер (В.Д.Люсин)

Кесте 1 - Пирсонның рангтік корреляция коэффициентінің көрсеткіштері

		Жалпы прокрастинация	Мотивациялық жетіспеушілік	Перфекционизм	Мазасыздық
Тұлғааралық эмоционалды интеллект	R-Пирсона	.200	.206	.447**	-.083
Тұлғаішілік эмоционалды интеллект	R-Пирсона	.186	.164	.373**	-.017
Эмоцияларды түсіну	R-Пирсона	.160	.155	.414**	-.100
Эмоцияларды басқару	R-Пирсона	.230	.214	.465**	-.034
Эмоционалды интеллекттің жалпы деңгейі	R-Пирсона	.214	.212	.426**	-.038

**Корреляция 0,01 деңгейінде маңызды (екі жақты)

Кесте 1. Пирсонның дәрежелік корреляция коэффициентінің «Прокрастинацияның көрініс дәрежесі» сауалнамасы (М.А. Кисилев) мен «Эмоционалды интеллект сауалнамасы» (В. Д. Люсин) нәтижелері арасындағы корреляциялық талдау нәтижелерін көрсетеді. 1-кестеден көріп отырғанымыздай, "Пирсонның дәрежелік корреляция коэффициентінің көрсеткіштері", корреляцияның ең жоғары деңгейі (0.465, p=0.01) арасында анықталды перфекционизм және эмоцияларды басқару қабілеті. Бұл дегеніміз, бәрін мұқият жоспарлауға, жетілдіруге және аяқтауға бейім адамдар өздерінің эмоцияларымен қалай күресуге болатындығын біледі.

Перфекционизм мен тұлғааралық эмоционалды интеллект арасындағы корреляцияның жоғары деңгейі де анықталды (0.447, p=0.01). Осы нәтижелерге сүйене отырып, студент перфекционизмге неғұрлым бейім болса, соғұрлым ол басқалармен сапалы қарым-қатынас орнату қабілетін көрсетеді деп айтуға болады.

Сонымен қатар, "жалпы эмоционалды интеллект деңгейі" (0.426, p=0.01), "эмоцияларды түсіну" және "перфекционизм" шкаласы (0.414, p=0.01) шкалалары арасында айқын корреляциялық байланыс табылды. Осы мәліметтерге сәйкес, перфекционистік қасиеттері бар студенттер эмоцияларды жақсы түсінетіні анық. Перфекционизм зейінді қалыптастырады, сондықтан олар эмоцияларды байқап қана қоймай, оларды түсініп, басқара алады, бұл өз кезегінде эмоционалды интеллект сияқты дағдылардың негізгі компоненттері болып табылады. Демек, адам неғұрлым мұқият болса, соғұрлым эмоционалды интеллект дағдысы дамиды.

Корреляциялық байланыстың ең төменгі деңгейі перфекционизм мен тұлғаішілік интеллект арасында анықталды (0.373, p=0.01). Осы нәтижеге сүйене отырып, қоршаған ортаны ғана емес, сонымен қатар оның қасиеттерін үнемі жақсартуға, жақсартуға бейім адам ішкі сезімдер мен сезімдерді реттеуде қиындықтарға ие деп болжауға болады. Бұл сыртқы талаптар мен жағдайларға үйренген перфекционистердің уақыт өте келе ішкі сыншыны қалыптастыратындығымен түсіндіріледі, бұл жетістіктердің ең жоғары деңгейлерін белгілейді. Олар кейде өздеріне қатты талапшыл, сондықтан олар өздерінің ішкі сыншыларынан зардап шегеді.

Қорытынды. Жұмыста эмоционалды интеллект пен прокрастинация құбылысы мәселесі бойынша шетелдік және ресейлік жұмыстарға қысқаша талдау жасалды.

Прокрастинация құбылысы мен эмоционалды интеллекттің көрініс деңгейі арасындағы байланысты сандық зерттеу нәтижесінде студенттер эмоционалды интеллект пен перфекционизм сияқты жеке қасиеттер арасындағы нақты байланысты анықтады.

Эмпирикалық зерттеудің нәтижелері перфекционизм эмоцияларды түсінуге және басқаруға мүмкіндік беретінін, сонымен қатар басқа адамдармен сапалы қарым-қатынас орнатуға көмектесетінін анықтады.

Эмоционалды интеллект деңгейі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым жеке тұлға прокрастинацияға аз бейім болады. Эмоцияларды түсіну және басқару, сіздің эмоционалды күйіңізді білу маңызды немесе басталған істерді кейінге қалдырмауға ықпал етеді.

Болашақта студенттерде ғана емес, сонымен қатар әртүрлі саладағы қызметкерлерде де белсенділік пен эмоционалды интеллект компоненттерін қалыптастыру мәселелерін сандық және сапалық зерттеу маңызды. Мұндай зерттеулер жұмыс барысында кәсіби тиімділікке және күйіп қалудың алдын алуға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1]. htttp// www. eiconstortium.org

[2]. Thorndike, E.L. Intelligence and its use. Harper's Magazine, 1920.- №140.- P. 227-235.

[3]. Guilford, J. P. The nature of human intelligence. - New York: McGraw-Hill,1967.- 182 p.

[4]. Айзенк Г.Ю. Понятие и определение интеллекта // Вопросы Психологии. -1995. -№ 1. - С.111-131.

[5]. Гарднер Г. Структура разума: теория множественного интеллекта. - М: Вильямс, 2007. — 512 с.

[6]. Робертс Р.Д., Мэттьюс Дж., Зайднер М., Люсин Д.В. Эмоциональный интеллект: проблемы теории, измерения и применения на практике// Психология Журнал ВШЭ. - 2004.-Том 1, №4.- С. 3-27.

[7]. Mayer J.D., Salovey P., Caruso D.R., Sitarenios G. Emotional intelligence as a standard intelligence // Emotion. - 2001. –Vol.1. -P. 232-242.

[8]. Mayer J., Salovey P. What is emotional intelligence? // In P. Salovey and D. Sluyter (Eds.), Emotional development and emotional intelligence: Implications for educators. -New-York: Basic books, 1997. – P.163-174.

[9]. Bar-On R. Emotional Intelligence Inventory (EQ-i): Technical Manual. - Toronto, Canada: Multy-Health System, 1997. – P.43-64.

[10]. Goleman, D. Emotional Intelligence: Why it can matter more than IQ? - New York: Bantam Books, 1995.- 387 p.

[11]. Brackett M. A., Reyes M. R., Rivers S. E., Elbertson N. E., Salovey P. Classroom Emotional Climate, Teacher Affiliation, and Student Conduct// Journal of Classroom Interactions. – 2011. - №46. – P. 27-46.

[12]. Goleman, D. Working with Emotonal Intelligence. - New York: Bantam Books,1997.- 420 p.

[13]. Oxford English Dictionary, second edition, edited by John Simpson and Edmund Weiner, Clarendon Press, 1989

[14]. Steel, P. Arousal, avoidant and decisional procrastinators: Do they exist? // Personality and Individual Differences. Calgary, Alberta, Canada, 2010

[15]. Lay C.H. At last, my research article on procrastination / /Journal of Research in Personality, 1986.-vol.20.

[16]. Stainton, M., Lay, C.H., Flett, G.L. Trait Procrastinators and Behavior/Trait-Specific Cognitions // Journal of Social Behavior and Personality, 2000

[17]. Люсин Д.В. Современные представления об эмоциональном интеллекте // Социальный интеллект: Теория, измерение, исследования / под ред. Д. В. Люсина, Д. В. Ушакова.-М.: Изд-во «Институт психологии РАН», 2004. -С. 29–36.

[18]. Қобланов Ж.Т., Қарымсақова Б.Ә. сезімдер аспектісінің корреляциясы және философия және психология бар эмоциялар / Yessenov science journal no3 (41)-2021 /// Yessenov science journal 2021, vol.41 (3)

REFERENCES

[1]. htttp// www. eiconstortium.org

[2]. Thorndike, E.L. Intelligence and its use. Harper's Magazine, 1920.- №140.- P. 227-235.

[3]. Guilford, J. P. The nature of human intelligence. - New York: McGraw-Hill,1967.- 182 p.

[4]. Ajzenk G.Ju. Ponjatie i opredelenie intellekta // Voprosy Psihologii. -1995. -№ 1. - S.111-131.

[5]. Gardner G. Struktura razuma: teorija mnozhestvennogo intellekta. - M: Vil'jams, 2007. — 512 s.

[6]. Roberts R.D., Mjett'jus Dzh., Zajdner M., Ljusin D.V. Jemocional'nyj intellekt: problemy teorii, izmerenija i primenenija na praktike// Psihologija Zhurnal VShJe .-2004.-Tom 1, №4.- S. 3-27.

[7]. Mayer J.D., Salovey P., Caruso D.R., Sitarenios G. Emotional intelligence as a standard intelligence // Emotion.- 2001. –Vol.1. -P. 232-242.

[8]. Mayer J., Salovey P. What is emotional intelligence?//In P. Salovey and D. Sluyter (Eds.), Emotional development and emotional intelligence: Implications for educators. -New-York: Basic books, 1997. – P.163-174.

[9]. Bar-On R. Emotional Intelligence Inventory (EQ-i): Technical Manual.- Toronto, Canada: Multy-Health System, 1997. – P.43-64.

[10]. Goleman, D. Emotional Intelligence: Why it can matter more than IQ?. -New York: Bantam Books, 1995.- 387 p.

[11]. Brackett M. A., Reyes M. R., Rivers S. E., Elbertson N. E., Salovey P. Classroom Emotional Climate, Teacher Affiliation, and Student Conduct// Journal of Classroom Interactions. – 2011. - №46. – P. 27-46.

[12]. Goleman, D.Working with Emotonal Intelligence.-New York: Bantam Books,1997.-420 p.

[13]. Oxford English Dictionary, second edition, edited by John Simpson and Edmund Weiner, Clarendon Press, 1989

[14]. Steel, P. Arousal, avoidant and decisional procrastinators: Do they exist? // Personality and Individual Differences. Calgary, Alberta, Canada, 2010

[15]. Lay C.H. At last, my research article on procrastination / /Journal of Research in Personality, 1986.-vol.20.

[16]. Stainton, M., Lay, C.H., Flett, G.L. Trait Procrastinators and Behavior/Trait-Specific Cognitions // Journal of Social Behavior and Personality, 2000

[17]. Ljusin D.V. Sovremennye predstavlenija ob jemocional'nom intellekte // Social'nyj intellekt: Teorija, izmerenie, issledovanija / pod red. D. V. Ljusina, D. V. Ushakova.-M.: Izd-vo «Institut psihologii RAN», 2004. -S. 29–36.

[18]. Koblanov Zh.T., Karymsaқova B.A. Sezimder aspektisinin korreljacijasy zhane filosofija zhane psihologija bar jemocijalar / Yessenov science journal no3 (41)-2021 /// Yessenov science journal 2021, vol.41 (3)

Ахметова Джамиля Бахытжановна
Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова
г. Актау, Казахстан
Бегимова Малика Маратовна
Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова
г. Актау, Казахстан

КОЛИЧЕСТВЕННОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ СВЯЗИ МЕЖДУ ПРОКРАСТИНАЦИЕЙ И ЭМОЦИОНАЛЬНЫМ ИНТЕЛЛЕКТОМ

Аннотация. В статье представлены результаты количественного исследования взаимосвязи феномена прокрастинации и уровня эмоционального интеллекта студентов. Эмоциональный интеллект определяется как способность распознавать, понимать и управлять своими эмоциями и эмоциями других людей. В современной психологии и других областях эмоциональный интеллект вошел в список самых необходимых компетенций. Что касается понятия прокрастинация, то ее считают фактором, стимулирующим процесс самоопределения в личной, социальной, жизненной и профессиональной сферах современного человека. В переводе с английского слово «прокрастинация» означает «откладывание». По данным ряда зарубежных исследований, это явление включает в себя эмоциональный, поведенческий и мотивационный компоненты. Кроме того, прокрастинация повышает уровень беспокойства и стресса у человека, поскольку он занимается ненужными действиями по снижению стресса вместо выполнения значимых задач. Возникают неприятные ощущения, - возникает фрустрация, потому что человек осознает, что удовлетворить многие потребности невозможно. Кроме того, у таких личностей начинает возникать перфекционизм. В настоящее время академическая прокрастинация достигла высокого уровня среди современных студентов. Из-за таких факторов, как увеличение объема информации, увеличение количества технических гаджетов, социальные сети отнимают много времени, правильное использование времени стало для многих учащихся затруднительным. Эмоциональный интеллект, благодаря правильному пониманию собственного эмоционального состояния и эмоций, позволяет предотвратить стресс и обратиться к личной эффективности. Потому что эмоциональный интеллект основан на таких чертах личности, как самосознание, самоконтроль и мотивация.

В результате исследования было установлено, что перфекционизм позволяет понимать эмоции и управлять ими, а также помогает наладить качественные отношения с другими людьми.

Ключевые слова: эмоциональный интеллект, прокрастинация, черты личности, мотивация, самоорганизация.

Ahmetova Jamilya
Sh.Yessenov Caspian state university of technology and engineering, Aktau, Kazakhstan
Begimova Malika
Sh.Yessenov Caspian state university of technology and engineering, Aktau, Kazakhstan

A QUANTITATIVE STUDY OF THE RELATIONSHIP BETWEEN PROCRASTINATION AND EMOTIONAL INTELLIGENCE

Abstract. The article presents the results of a quantitative study of the relationship between the phenomenon of procrastination and the level of emotional intelligence of students. Emotional intelligence is defined as the ability to recognize, understand and manage one's own and others' emotions. In modern psychology and other fields, emotional intelligence has entered the list of most needed competencies. As for the concept of procrastination, it is considered as factor that stimulates the process of self-determination in the personal, social, everyday life and professional spheres of a modern person. Translated from the English, the word "procrastination" means "postponing". According to several foreign studies, this phenomenon includes emotional, behavioral and motivational components. In addition, procrastination increases the level of anxiety and stress in a person, as the result person engages in unnecessary stress-reducing activities instead of completing meaningful tasks. Unpleasant feelings and frustration arises, because the person realizes that it is impossible to satisfy many needs, in addition, perfectionism begins to arise in such individuals. Nowadays, academic procrastination has reached a high level among modern students. Due to factors such as the increase in information, the increase in the number of technical gadgets, social networks take up a lot of time, the correct use of time has become difficult for many students. Emotional intelligence, due to the correct understanding of one's own emotional state and emotions, allows to prevent stress and turn to personal effectiveness. Emotional intelligence is based on personality traits such as self-awareness, self-control and motivation.

As a result of the study, it was found that perfectionism allows you to understand and manage emotions, and also helps to establish quality relationships with other people.

Keywords: emotional intelligence, procrastination, personality traits, motivation, self-organization.

ӘОЖ 82-7
ХҒТАР 17.07.41
DOI 10.56525//ZGTU5293

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ ТЫРНАҚАЛДЫ ТУЫНДЫЛАРЫ

ҚАБЫЛОВ Ә.Д.
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан
E-mail: adilet.kabylov@yu.edu.kz

Аңдатпа. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың әдеби-шығармашылық мұрасы қазір жан-жақты зерттелуде. Оның шығармашылығына деген ғылыми қызығушылық суреткердің көзі тірісінде басталып, көптеген ғылыми зерттеулер жазылып, диссертациялар қорғалды. Сол жақсы үрдіс бүгінде заңды жалғастығын тауып, әбіштану деп аталатын кең арналы ғылыми салаға ұласуда. Жазушының әдеби мұрасының әр қырынан, түрлі ғылыми парадигма мен теориялық-көркемдік талдау тұрғысынан зерделене беретіні сөзсіз. Тұлғатану мен әдеби шығармашылықты зерттеуде дереккөздердің молдығы мен мейлінше толымдылығы маңызды. Бұл орайда, жазушының алғаш қолға қалам алып, газет беттеріне жариялана бастаған өлеңдері мен мақалаларының да өзіндік орны бар. Жақында Ә.Кекілбаев атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейі қызметкерлері жазушының 1953-1958 жылдары жергілікті мерзімді баспасөз құралдарында жарық көрген тырнақалды туындыларының жиынтығын құрайтын библиографиялық көрсеткіш дайындап шығарды. Бұл еңбек екі бөлімнен тұрады: алғашқы бөлімде жазушының мақалалары мен өлеңдерінің библиографиялық көрсеткіші түзіліп, екінші бөліміне олардың мәтіні берілген. Сөйтіп, жалпы саны 42 (34 мақала, 8 өлең) туынды жинақталыпты. Көрсеткіштің басында берілген музей директоры С.Құдайбергеннің алғысөзі де жұмыстың мақсаты мен құрылымын ашып тұр. Жазушының тырнақалды мақалалары мен бұрынғы жинақтарына енбеген алғашқы өлеңдерінің тізімімен қатар мәтіндерінің берілуі еңбектің жинақтаушылық сипатын көрсетеді. Бұл библиографиялық көрсеткіш болуымен қатар, жазушының тырнақалды туындыларын қамтитын шағын жинақ деуге болады. Ол болашақ Ә.Кекілбаев шығармашылығын зерттеушілер үшін де қажетті құрал бола алады. Мұндай мәліметтер мен деректер үздіксіз жинақталып, толықтырыла бермек. Бұл мақалада жазушының мектепте оқып жүрген кезінде жазған алғашқы өлеңдері мен мақалалары қарастырылып, олардың мазмұндық-идеялық бағдары мен көркемдік ерекшеліктеріне талдау жасалады. Жас талапкердің әдебиетке, әсіресе поэзияға деген талпынысы мен көркемдік ізденістерін танытатын мұндай дүниелерді ғылыми тұрғыдан зерделеу – қаламгердің ақындық қалыптасу бастаулары мен шығармашылық эволюциясын танытары анық. Жас автордың дүниеге көзқарасы, қоршаған орта, ел мен жер тағдырына алаңдаушылығы қандай қадамдардан басталғаны теориялық тұрғыдан пайымдалып, ғылыми баға беріледі.

Түйінді сөздер: поэзия, өлең, мақала, тақырып, мазмұн, идея, шығарма құрылымы, сюжет, композиция, ақын, көркемдік.

Кіріспе. Әрбір таланттың шығармашылыққа келу тарихы болады. Әдебиет секілді образды көркем ойлау мен жазу шеберлігіне негізделген өнер иесі болу үшін ондай қабілет, әдетте, адамның жас кезінен қалыптаса бастайды. «Бола бала жасынан» демекші, өзінің бейіміне қарай, жас кезінен қабілетін шыңдап жетілген адамның болашақ мамандығына ерте араласып, жақсы жетістіктерге жету ықтималдығы жоғары. Кейбір көрнекті жазушылардың

ілкіде басқа мамандық алып, бірақ кейін жазушылыққа оралуы да осы бойындағы таланттың ырық бермей, өз орнын табуына байланысты десек те болады. Ал ойындағы қабілетін ерте байқап, талантын ерте шыңдаған адамның табысқа да ерте жетіп, талантын ерте мойындата алары ақиқат.

Ә.Кекілбаевтың әдебиетке жастайынан үйір болғаны туралы жазушының өз естеліктерінде де, замандастарының еңбектерінде де айтылады. Оның мектепте жүрген кезінен бастап өлең жаза бастағаны, аудандық газет бетінде өлеңдері мен мақалалары жарияланып тұрғаны белгілі. Кейін облыстық және республикалық басылымдарға жол ашылады. Оның облыстық газетке жариялана бастауы туралы белгілі әдебиеттанушы ғалым Қ.Жүсіп былай деп жазады: «Әбіш өлеңдері «Социалистік құрылыс» газетінде 1955 жылдан жариялана бастады. Бұл кездерде Атыраудың бас ақындары Фариза Оңғарсынова, Меңдекеш Сатыбалдиев, Марат Ысқақов, Рахмет Иманғалиев және т.б. өлеңдері газеттің «Әдебиет бетінде» үнемі жарық көретін. Аталмыш газет 1956 жылы жас ақындар өлеңдерінен құрастырылған «Алғашқы адым» атты кітапшаны облыс баспаханасынан басып шығарды. Онда облыс халқына қаламгер ретінде танылып қалған Жұмаш Нақбаевтың, Шәкенғали Дәуеновтің, Төлеубай Ысқақовтың, Жәрдем Тоғашевтың, Марат Ысқақовтың өлеңдерімен қатар, әлі мектеп қабырғасында жүрген Меңдекеш Сатыбалдиевтің «Колхаз қызы», «Фариза Оңғарсынованың «Шекарадан хат», «Жастық жыры», Әбіш Кекілбаевтың «Колхоз көрінісі» деген өлеңдері оқырмандарды сүйсінткен болатын», – дей келе, сол өннің мына шумағын келтіреді:

Кеше ғана осы жер еді дала,
Сол далаға орнапты жаңа қала.
Көше бойлай тізілген сұлу үйлер
Тұрғандай мерекелі колоннаға» [1, б. 6].

Ал 1957 жылы халық ақыны С.Жаңғабыловпен бірге Қазан төңкерісінің 40 жылдығына орай ұйымдастырылған ақындар айтысына қатысып, жүлделі орынға ие болғанда Ә.Кекілбаев небәрі 18 жаста болатын. Сегізінші сынып оқып жүргенде оның бір жазушының әдебиеттегі жиендік жасағаны туралы мақаласы республикалық «Лениншіл» жас» газетінде жарияланып, зиялы қауым арасында үлкен резононс тудырады. Ол туралы жазушының өзі былай деп еске алады: «Сегізінші класта оқып жүргенде бір қазақ жазушысы мен бір орыс жазушысының екі кітабын қатар оқып қалыппын; сөйтсем екеуі бір-бірінің көшірмесі екен. Тоғазыншы класта оқитын Сәбит Абдуллин дейтін әдебиетқұмар бала екеуміз әлгі ұрлықты айтып мақала жаздық, Ол әдеби қауымды біраз дүрліктіріпті. [2].

Әбіштің алғашқы жазған мақаласы ретінде оның бесінші класта аудандық газетке шыққан «Екпінді егін екпей ме?» деген мақаласы айтылып келді. Колхоздағы кемшіліктер сыналған бұл мақала колхоз басқармасында талқыланып, мақалада көрсетілген кемшіліктер түгел мойындалып, оны жоюдың шаралары қабылданады. «Содан дәндедім бе, аудандық газетті місе тұтпай, орысша-қазақша қысқа хабарламалар жазып, облыстық газеттің бермейтінді шығардым, – деп еске алады жазушы [2].

Ә.Кекілбаев атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейінің қызметкерлері құрастырған библиографиялық жинақтың алғысөзінде жоба авторы С.Құдайберген былай деп жазады: «Осы уақытқа дейін жазушының тырнақалды туындысы ретінде мектеп қабырғасында жүріп жазған «Екпінді еңбек етпей ме?» деген сын мақаласы аталып келді. Оны сұхбаттарында өзі де растады. Шындығында, мақала «Егіске әзірлік баяу» деп аталады. «Сталин жолы» газетінің 1954 жылғы 22 сәуірдегі санында жарық көрген. Қолымыздағы газет тігіндісіне қарағанда, алғашқы мақаласы – 1953 жылғы 1 ақпан күні жарық көрген «Ауыл еңбекшілеріне кино көрсету жақсарса екен». Жазушының алғашқы жарық көрген еңбегі ретінде «Егіске әзірлік баяу мақаласын көрсетуіне, мақаланың ұжымшардың басқарма кеңесінде талқыланып, оған балаң автордың өзінің шақырылуы әсер етсе керек», – деген дәлелін келтіреді [3, б. 3-4].

Материалдары мен зерттеу әдістері. Зерттеу материалының теориялық негізіне жазушының мектеп қабырғасында жүрген кезінде жазып, аудандық газеттерге жариялаған мақала, өлеңдері алынды. Солардың негізінде жазушының тырнақалды туындыларының тақырыптық-идеялық, көркемдік ерекшеліктері талданып, әдеби-теориялық тұрғыдан зерделенеді. Зерттеу барысында ақын поэзиясының көркемдік ерекшеліктерін танытатын, ақынның қалыптасу кезеңіндегі шеберлігінің сырын түсінуге септесетін әдеби талдау, тарихи-функционалдық, психологиялық, салыстырмалы-тарихи зерттеу әдістері қолданылады.

Тарихи-функционалдық әдіс жазушының жастық шағындағы тарихи-әлеуметтік кезеңнің ерекшелігіне орай өлеңдері мен мақала-хабарларының идеялық сипатын, тақырыптық ауқымын, ондағы заман ахуалының сырын пайымдауға мүмкіндік береді. Психологиялық әдіс автор мен лирикалық кейіпкердің ішкі әлеміне барлау жасап, олардың жан дүниесін таныта алады. Герменевтикалық әдіс бойынша қаламгер поэзиясының идеялық-тақырыптық мазмұнын ұғына түсеміз. Сол арқылы автор ой-танымының мәнін ұғынып, шығарма өзегіндегі ой арналарын тани түсеміз. Ал салыстырмалы-тарихи әдіс Ә.Кекілбаевтың өз замандас қаламгерлермен үндестігін аңғаруға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері. Белгілі қаламгер Ә.Кекілбаев әдебиетке өлең арқылы келді. Оның 1962 жылы баспадан шыққан «Алтын шуақ» деп аталатын тұңғыш кітабы да – өлең кітабы болатын [4,16]. Онда ақынның шамамен 1958-1962 жылдары, яғни студенттік кезінде жазылған таңдаулы өлеңдері қамтылған. Ал оған дейін жазылған шығармалары болды ма деген сұрақ туады. Бұл сұрақ біреулерді қызықтырып келгенмен, соларды мерзімді баспасөз бетінен (негізі аудандық газеттің) іздеп-тауып, алғаш жинақ қылып шығарған жоғарыда атап кеткен музей қызметкерлері екенін айтуымыз керек. Ол жинақта жалпы саны 42 (34 мақала, 8 өлең) туынды жинақталыпты. Бұдан да басқа, сол кездегі Гурев облыстық және республикалық газеттерде жарияланған туындыларын да түгендеп шығу – болашақтың міндеті. Алайда, әзірше қолда бар туындыларға қарай отырып, болашақ үлкен таланттың алғашқы қадамдарына талдау жасауға болады деп ойлаймыз.

Бұл жылдары оның жазғандарының (газетке жариялағандары) дені шағын мақалалар мен хабарламалар. Онда сол кездегі ауыл өміріндегі, колхоз шаруашылығындағы зәру мәселелер, шешімін күткен шаруалар, еңбекші халықтың тұрмысын жақсартуға кедергі болып отырған жайттар – бір сөзбен айтқанда, ауылдың күнделікті проблемалары көтерілген.

Мысалы, «Ауыл еңбекшілеріне кино көрсету жақсарса екен», «Физкультура-спорт ісін кең өрістетейік», «Халыққа дәрігерлік қызмет ету ісі жақсартылсын», «Мал шаруашылығын өсіріп, өркендетудегі кемшіліктер батыл түзетілсін», «Кино көрсетілсе екен» секілді ұранды-бұйрықты түрдегі мақалаларында, тақырыптың өзі айтып тұрғандай, ауылдың мәдениет, спорт, дәрігерлік көмек, мал шаруашылығы салаларындағы кемшіліктер көрсетіліп, оларды түзету жолдары айтылады. «Оқу үйі қашан жөнделеді?», «Кино көрсетілсе екен», «Оқу үйі жұмыс жасамайды», «Монша жұмысы нашар» мақалаларында да осындай кемшіліктерге шаруашылық басшылары мен ауыл тұрғындарының назарын аудартады.

Ал «Колхоз қабырға газеті», «Алғашқы сабақ», «Комсомол қатары өсуде», «Өлке тану», «Оқушылар конференциясы», «Оқушы-жастар көмегі», «Озат бригада», «Үйірмелер жұмыс жасай бастады», «Жас өнерпаздар концерті», «Көрмеге қызу әзірленуде», «Сертке сай еңбек», «Мектеп оқушыларының спорт жарыстары», «Қол еңбегіне үйренуде», «МТС-ке экскурсия», «Мамандық таңдау кеші», «Кітап қоры молаюда», «Комсомолецтер мен жастар мал азығын дайындау күресінде» сияқты хабарламаларда колхозда болып жатқан жаңалықтарға қысқаша шолу жасалады. «Семья – баланы тәрбиелеудегі басты тұлға» атты мақаласында отбасындағы тәрбие мәселесін көтеріп: «Саналы тәртіп, өзіне тапсырылған істі ұқыптылықпен орындау, өзінің көздеген мақсатына жету үшін күресу, өз халқын сүю, шыншыл болу – совет адамдарының бойына сіңген негізгі қасиеті. Міне, осы ардақты қасиеттерді жас ұрпақтардың бойына сіңіруде семьяның, семьядағы тәрбиенің атқаратын ролі зор», – деп жазады әрі сол үдеден шыға алмай отырған ауылдағы кейбір отбасыларды

сынап өтеді [5]. Соғыстан кейінгі кезеңде, ауыл шаруашылығын қалпына келтіріп, еңбекші халықтың әл-ауқаты мен тұрмысын жақсарту міндеті қойылған шақта мектеп оқушысының белсенділік танытып, осындай мәселелердің бәріне үн қосып отыруы – бошашақ қаламгер әрі қайраткердің халықшылдық, елшілдік болмысының ерте бастан қалыптаса бастағанын көрсетсе керек. Ә.Кекілбаевтың аға-досы Л.Сәдуақасов: «Әбіштің қоғамдық белсенділігі оның тума талантына байланысты болса керек. Газет жұмысына ерте араласты, хабарлары, жаңалықтары, сын мақалалары аудандық «Сталин жолы» («Жаңа өмір»), облыстық «Социалистік құрылыс» («Атырау»), республикалық «Лениншіл жас» («Жас алаш») газеттерінде жиі жарияланып тұрды», – деп жазады [6, б. 61].

Әбіштің мектептің соңғы сыныбында оқып жүргендегі және жоғары оқу орнына түсер қарсаңында жазған «Тағы да тұрмыс мәселесін сөз етсек» және «Маңғыстау» деген сөз қайдан шыққан!» мақалаларының орны бөлек. Біріншісінде ауылдағы нақты көріністерді сипаттай отырып, ауыл адамдарының әлі де мәдениетке мән бермей келе жатқан салақтығын, тұрмыс мәдениетінің төмендігін сынап, үйді ұстау, тазалық, киіну, жаңалыққа үйірімсіздік, кітапты қадірлемеу секілді кемшіліктерді ашып айтады. «Мәдениет ат мініп, түйе жетектеп келетін мейман емес. Оны әркім іздене, еңбектене жүріп меңгереді. Өз үйінің босағасынан бастап шаңырағына дейін мәдениетті ұстай білуге мүмкіндік мол. Қиыны, көбімізде тұрмысқа деген құнт қана жоқ. Біздіңше, тұрмыс мәдениеттілігіне жабыла жұмылатын уақыт жетті», – деп түйіндейді [7]. Ал университетке қабылданғаннан кейін жариялаған екінші мақала «Маңғыстау» топонимінің этнимологиясын пайымдауға арналған. Мұнда осы атауға байланысты бірнеше ғалымдардың (М.Қашғари, Ибн-әл-Асир, Якут, Гродеков, Ғ.Мұсабаев) болжамдарын келтіре отырып, Маңғыстау атауын түркмендердің «қой қыстауы» деген сөзінен шыққан деген жорамалын дәлелдейді [8]. Міне, сөйтіп болашақ жазушының мектеп қабырғасында жазған мақалалары әуеліде шағын мақала, хабарламалардан басталса, келе-келе сараптамашылық, проблемалық, ғылыми бағытта қауысып, қаламгерлік-ғылыми қарымын кеңейте түскенін көреміз.

Ә.Кекілбаевтың мектеп қабырғасында жүргенде жазған өлеңдері де түрлы тақырыптарға арналған. Барлық жас талапқа тән тіршілік тыныстары мен көңіл әуендері сыршыл өлең болып төгіледі. Тырнақалды өлеңдерінен де мақалаларындағыдай, ауыл өмірінің түрлі жақтарын пайымдаған сыншылдық сарында да көреміз. Мысалы, фельетон ыңғайында жазылған «Кітапханада», «Клубта» деген өлеңдерін ауылдағы кітапхана мен клубтың жайын сипаттаған сатиралық репортажға жатқызуға болады. Автор мәдениет орындарындағы оралымсыздық пен салақтықты сынайды. Кітапхана мен клубтың жайын нақты көз алдымызға келтіре суреттейді:

Кіре қап ек, тұрып қалдық, таң қалып,
Біле алмай не істеуге тамсанып.
–Шаңға батқан мынау неткен баспана,
–Кітапхана мынау ма, әлде басқа ма?
Деп едік біз арасынан мол шаңның
Меңгеруші даусы шықты жасқана:
– Төрлетіңіз, осы кітапханамыз,
Нанбасаңыз, кітаптарға қараңыз.
Мүліктерді тозаң басып кеткен соң
Анда-санда қағып-сілкіп аламыз... [9, б. 28].

Өткен ғасырдың 50-70 жылдары – қазақ сатирасының қайтадан өрістеп, жаңа биікке көтерілген тұсы болды. А.Тоқмағамбетов секілді сатириктер қоғамдағы кемшіліктерді, әсіресе социалистік қоғамды дамытуға кедергі боп отырған жалқаулық, масылдық, тоғышарлық секілді міндерді сатира тілімен аяусыз түйреп отырды. Бұл бағытта әсіресе фельетон жанры өзінің ұшқырлығы мен тиімділігін көрсетті. Жоғарыдағы Әбіштің өлеңі де сондай сыншылдық-әшкереушілік мақсаттан туған жас талаптың талпынысын көрсетеді. Өлеңде кемшілікті айтып қана қоймай, оның жаман салдарын да нұсқап көрсетіп кетеді:

...Амалсыздан ермек болып тентек су,
Ауылда енді естіледі айғай-шу.
Осы болды көргеніміз бір кеште,
Бұл жөнінде кімге айтамыз біз өкпе? [9, б. 29].

Ақынның «Масыл жеңгей» өлеңі де – жұмыс істемей, күйеуінің тапқанына ішіп-жеп түске дейін ұйықтап, сосын қыдырып өсек таситын жеңгейлерге арналған ащы сықақ:

Суықта жылы жерді жағалайды,
Ыссыда көлеңкені паналайды.
Ауыр асты, жеңілдің үсті болып,
Кей жерде беделді де сағалайды.

Іс дегенде жеңешем жерінеді,
Сыртқа аттап та шығуға ерінеді.
Аузынан жалын атып, аһы-үһі,
Көрпеге тереңірек көміледі.

...Салады арсыл-гүрсіл көп ойбайға,
Түс бола отырады қою шайға.
Қол баста киінеді, шығып сыртқа
Пыш-пыштап «хабар» тасып бар маңайға... [10].

А.Тоқмағамбетовтің жеңгейлерге арнаған өлеңдерінің сарынын еске түсіретін мұндай өлеңдер автордың сын-сықаққа да жақын, кемшілікті сынауға шебер сатириктік қаламының желі бар жеткіншек болғанын көрсетеді.

Саяси-патриоттық тақырыптағы «Отаныма», «Партия-әке» өлеңдерінде лирикалық кейіпкердің отан мен партия алдындағы адалдығын айтып, оның сенімін ақтауға деген перзенттік борышын терең түсінгендігін көреміз. Отанына:

...Есейдім, енді айырдым оң-солымды,
Арманға мен де ұсындым оң қолымды.
Қиын-қыстау кедергі кездеспеді,
Сілтедің адастырмас кең жолыңды, –

деп алғаусыз көңілден алғыс сезімін білдірсе, «Партия-әке» өлеңінде әкесінен жастай жетім қалып, тұрмыс қиыншылығын көріп өскен баланың партия тарапынан әкесінің орнын сезінген қалтқысыз көңілін танимыз:

...Өлді әке. Енді кімді «әкелермін»,
Еркелеп енді кімге «әке» дермін?
Қорғасын – еркелікті жұлып кетті,
Маңдайымнан сипар кім, мәпелер кім?

Сен болмасаң тереңге құлап та едім,
Қапаландым, қол создың, қуат бердің.
Жұбаттың, еркелеттің, ұлым дедің,
Жүзіңнен бақыт көрдім, шуақ көрдім... [11].

«Өнердегі бояу – белгілі бір құбылыс заңдылығын ашу. Өлеңдегі бояу – өмірдегі құбылыстан тылсым ой тауып айту, философия түю. Ол жоқ жерде образдылық – бояулар жиынтығы ғана» [12, б. 499] «Анама» өлеңінде өмірдегі ең асыл жанның мәпелеген алақаны мен мейірімді жүзін сағынған жастың ана алдындағы борышын өзіндік өрнекпен бейнелеуге трысады. Бір өзі үшін бар өмірін арнаған аяулы жанның өмірдегі орнына кіршіксіз махаббатпен ой жіберіп:

...Ойлайтын жаның ылғи бала қамын,
Сағынтты мені қамқор алақаның.
Күте бер жоғалтпай тек тынышыңды,

Оралар қыран болып балапаның» –
деп түйіндейді [13].

Ақынның «Сыр», «Сағыныш», «Жайлау қызына» өлеңдерінде жастық шақ әсерлері, алғашқы махаббат сезімі секілді балалық пәк көңілмен, алғаусыз таза сезіммен жырланады.

Гүлденген шағым, дер шағым,
Өмірге талап, өкпем жоқ.
Әр күнім жайда құшағын,
Шаттығы тасып, көктем боп, –

немесе:

...Алыста жаудыраған қалды көзің,
Сен жоқсың маңайымда, жалғыз өзім.
Тамсандым, тамсантты ғой шырын ернің,
Аңсадым, аңсатты ғой бал мінезің [14], –

деген жолдарда жас жүректің ең бір қимасына деген аңсар мен сағыныш, адалдық пен іңкәрлік сезімдері өріліп отырады. Жастықтың жазғы бағында ержетіп келе жатқан, алда үлкен арман-мұрат қол бұлғап, өмір көшіне асыққан жанның мұндай тілек-аңсары кім-кімге де түсінікті. Сондықтан жаңа жолға аттанғанда кешегі кездегі алғашқы әсерді ұмытпай, барған сайын ынтықтыра түскен ғашықтықтың ғаламатын да ақын өлең өріміне сыйдырып, ынтыға жырлайды:

Бірге қап балалық пен қуыршағың,
Шаш бопты-ау сала бұрым тұлымшағың.
Кешегі ентіктірген екеумізді –
Бала күн бұлдырағын бүгін сағым.

Бүгінде кешегі емес, басқа ажарың,
Барады маған ұнап қас-қабағың.
Бір жігіт күдіктеніп қала ма деп,
Жүзіңе көп қарауға жасқанамын [15].

Ақын сөздің мағыналық өрнегі, шырын-мәйегін, қоғамдық мәнін, өмірлік мазмұнын, көркемдік бояуын, әуендік келісімі сияқты сипаттардың селбесуін есепке алады. Өлең сөздің өрттей ыстық жалыны осыншалықты қасиеттердің бірлесуінен пайда болса, оның көркемдік мазмұны интонация, дыбыс, ырғақ, пауза т.б. арқылы жүзеге асады. [16, б. 5] «Сағыныш» өлеңі ақынның бір топ жастармен бірге делегация құрамында жастар фестиваліне бара жатқан сапарында жазылған сияқты. Атыраудың керім табиғатын, жаз күнінің жанға рахат сыйлар көрінісін өнер мерекесіне жол тартқан жастардың көңіл күйімен сабақтастыра жырлайды. Бұл өлеңде осынау бақытты жастық шақтың қызығын алдағы жауапкершілікпен, болашақтың бағдарымен сабақтастыра қарау бар. Бейбітшілік тілегі, соғысқа қарсылық, алдағы күнге деген арман-үміт – барлығы бір арнаға тоғысып, жастықтың жасампаз гимніндей естіледі.

Ал «Көш» өлеңінде жазғы ауылдың әдемі көрінісін жандандыра суреттей отырып, асыл сезім құшағындағы қыз бен жігіттің қимастықпен қоштасар сәтіндегі ішкі әлем бұлқыныстарын еске түсіреді. Малшы ауылдың мамыражай тірлігі, ауыл адамдардың іс-әрекеті, айлы түнде малды бірге күзетіскен қыз бен жігіттің аужайы, көкпар ойынының әсері, оқуға аттанып бара жатқан жылқышы жігітін қимай жанары жасаураған қыздың күйі өзара келісті өрнекпен жымдаса жырланған.

Қорытынды. Көрнекті жазушы Әбіш Кекілбаев – барлық саналы ғұмырын әдеби қаламгерлік пен мемлекеттік қайраткерлікке арнаған тұлға. Ол қаламгер ретінде қазақ әдебиетінің барлық салаларында өнімді еңбек етіп, поэзия, проза, драматургия, көркем аударма мен публицистикада көптеген шығармалар жазды. Ол әсіресе, прозаик ретінде дүние жүзі әдебиетіне танымал болды. Біз бұл мақалада жазушының әдебиеттегі алғашқы

қадамдарын пайымдау мақсатында мектеп қабырғасында жүрген кезінде жазған мақалалары мен өлеңдерін қарастырдық.

Жас кезінен өзін әдебиетке бағыттаған жастың ерте есейіп, сөз өнерінің құдіреті мен қоғамдық мәнін пайымдағанын, сол бағытта талаптанып, белсенділік танытқанын сол жылдары жазған өлеңдері мен мақалаларынан байқауға болады. Аудандық, облыстық газеттерде жарияланған мақалалары мен өлеңдерінде оның өз заманының, әсіресе туған ауылы мен өлкесінің проблемалары толғантқанын, ауыл өмірін жақсарту мен мектеп оқушыларының белсенділігін арттыру, ауыл мәдениетін көтеру жолындағы ойлары мен көзқарасын, ұсыныстарын оның жазған мақалалары мен хабарламаларынан көруге болады.

Мұғалімдердің кәсіби қабілеттері − бұл мұғалімнің теориялық білім жүйесінен және оларды оқытудың белгілі бір жағдайларында, құндылықтарда, мұғалімнің мәдениетінің кешенді көрсеткіштерінен (сөйлеу, қарым-қатынас әдістері, өзіне және жұмысына деген көзқарас және т.б.) тұратын көп факторлы құбылыс.

Дамуында ауытқулары бар балаларды оқытуда орта мектеп мұғалімдерінің рөлінің маңыздылығын атап өтеміз және инклюзивті білім беруді енгізу үшін оң ынталандыру қажет деп санаймыз.

Инклюзивті білім беру саласындағы мұғалімдерді даярлаудың нақты мазмұны құзыреттілік тәсілді құруға бағытталуы тиіс. Білім беру процесінің нәтижесі білім мен дағдылар жүйесі емес, негізгі құзыреттер жиынтығы болып табылады. Олардың негізгілері академиялық қабілеттер (жаңа білім алу қабілетін айқындайтын); әлеуметтік тұлғалық қабілеттер (ел мен қоғамның идеологиялық және адамгершілік мұраттарын қолдау қабілеті) болып табылады; кәсіби қабілеттер (проблемаларды, міндеттерді қою, шешімдерді анықтау, міндеттерді құру және адам кәсібилігінің қажетті құрамдас бөлігі кәсіби қабілеттер болып табылады.

Зерттеу нәтижесі. Кәсіби құзыреттілікті зерттеушілер мамандарды даярлау сапасының және еңбек өнімділігінің әлеуетінің сипаттамасы ретінде қарастырады. Мұғалімдердің кәсіби қабілеттері педагогика мен психология саласындағы пәндік салалар мен ғылыми-теориялық білім жүйелерін қоса алғанда, мамандардың жеке басының сапалық сипаттамаларын көрсетеді. Мұғалімдердің кәсіби құзіреттері - ұстаздарадың теориялық біліктілігін бір педагогикалық ситуацияларда қолдану, педагогтардың құндылықтары, мұғалімнің мәдениетінің кешенді көрсеткіштерінде (сөйлеу, қарым-қатынас әдістері, өзіне және жұмысына деген көзқарас және т.б.) қолданудан тұратын көп факторлы құбылыс[5].

Инклюзивті білім берудің негізгі принципі білім беру ортасын құру болып табылады, ол енді оны шектемейді, бірақ дамуында ауытқулары бар оқушылардың әртүрлі қажеттіліктеріне сәйкес толықтырады. Инклюзивті білім беру идеяларын қолдана және енгізе отырып, мұғалімдер инновациялық тәсілдермен әрекет етеді. Инклюзивті білім беру контекстінде жалпы білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін мұғалімдердің негізгі міндеттерінің бірі дамуында ауытқулары бар балалар мен олардың отбасыларының жалпы білім беру ортасына интеграциясын реттеу процесін сапалы басқару болып табылады. Бұл бағыттағы алғашқы қадам-білім беру процесінің барлық қатысушыларын, ең алдымен, өздерінің әлеуметтік жағдайындағы өзгерістерге дайындау.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған жалпы білім беру орталығы 2002 жылы ашылды. Сол жылы Қазақстанда ТМД елдерінде «мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік, медициналық және педагогикалық қолдау туралы» алғашқы заң қабылданды [6].

Осы Заң аясында ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ерте білім алуына ерекше назар аударылады. Олар білім беру, әлеуметтік және медициналық қолдау көрсетеді. Ең бастысы, бұл заң инклюзивті білім берудің негізгі принциптерін анықтайды. 2000 жылдардың басында мұғалімдердің 80% - ы бұл жүйеге қарсы болды, ал 2007 жылы тек 49%. Қазіргі уақытта жүйе оқытушылар қауымдастығының толық қолдауына ие. Бұл инклюзивті білім берудің дамып келе жатқанын көрсетеді.

Инклюзивті білім мектептің барлық мұғалімдерінен әртүрлі дайындықты, жоғары мамандандыруды, шығармашылықты және тәжірибені қажет етеді. Ақыр соңында, баланың интеллектуалды даму проблемаларына сауатсыз көзқарас оның жеке басындағы қосымша кемшіліктерге әкелуі мүмкін. Сондықтан инклюзивті білім беру мұғалімдер орта мектептерде арнайы дайындық пен қайта даярлаудан өткен жағдайда ғана жемісті болады[7].

Бұл дайындық шараларының мақсаты − мүмкіндігі шектеулі балалардың жан-жақты физикалық және психикалық дамуын қамтамасыз ету үшін оқыту мен тәрбиелеудің негізгі әдістерін меңгеру.

Ерекше қажеттіліктері бар балаларға инклюзивті білім беруді біртіндеп енгізу, практикаға маманданған мамандарды даярлау, оларды жалпы білім беретін мекемелерде оқыту үшін жағдай жасау, қоғамның мүмкіндігі шектеулі балаларға деген көзқарасын өзгерту қажет.

Ресейлік зерттеуші Е.Г.Самарцеваның пікірінше [5] инклюзивті білім беруге мұғалімдердің кәсіби дайындығы, инклюзивті білім беруді белсенді жүзеге асырудың негізгі шарты болып табылады. Бұл инклюзивті білім беруді енгізу туралы арнайы білім ретінде көрінеді.

Кәсіби дайындық жан-жақты білім беру және балаларды инклюзивті білім беруге үйрету мақсатында кәсіби қызметті жүзеге асыру қабілетімен көрінеді.

Самарцева Е.Г. Самарцева әзірлеген балаларға арналған инклюзивті білім беру мұғалімдерінің кәсіби дайындық құрылымы келесі негізгі және маңызды бөліктерді қамтиды: тұлғалық-мәндік (инклюзивті білім беру идеологиясын қабылдаудағы мұғалімдердің рефлексивті ұстанымы, сананың мотивациялық бағыты, ерік-жігер, балаларға арналған инклюзивті білім беру туралы мұғалімдердің сезімдері), танымдық (балаларға инклюзивті білім беру үшін қажетті кәсіби және педагогикалық білімнің үйлесімі) және технологиялық (мектеп жасына дейінгі балаларға инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға арналған кәсіби және практикалық дағдылар жиынтығы).

Гафари Э.А. ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытудағы орта мектеп мұғалімдерінің рөлінің маңыздылығын атап өтіп және инклюзивті білім беруді енгізуді белсенді түрде ынталандыру қажет деп есептеді. Автор мұғалімдердің сенімдері, олардың инклюзивті білім берудің философиясы мен саяси бағытын мойындауы инклюзивті білім беруді енгізу бойынша барлық іс-қимылдардың тиімділігінің маңызды алғышарты екенін атап көрсетеді.Дамуында ауытқулары бар оқушылар мұғалімдер мойындаған жағдайда ғана өздері үшін құнды орын таба алады [8]. Ғалымдардың пікірлері оң көзқарасты қалыптастырды және мұғалімдерді инклюзивті білім берудегі жұмысқа жеке даярлау қажеттілігін дәлелдеді. Автор атап өткен мұғалімдердің маңызды мотивациялары мұғалімдердің психологиялық дайындығының маңыздылығын растайды.

Э.А.Гафаримен қарағанда ресейлік ғалым Сабельникова С.И. орта мектеп мұғалімдерінің инклюзивті білім беруге қатысуға кәсіби және жеке дайындығын жүзеге асыру кезінде мыналар қажет екендігі көрсетілген [8]:

− инклюзивті білім дегеніміз не және оның дәстүрлі білім беру формаларынан айырмашылығы неде екенін түсіну;

− инклюзивті білім беру ортасында балалардың жеке басының жас ерекшеліктері мен даму заңдылықтарын білу;

− оқу процесін жобалаудың психологиялық мен оқыту әдістерін түсіну, сондай-ақ дамуы қалыпты және зақымдалған балалар үшін жалпы білім беру процесін әзірлеу;

− білім беру ортасының барлық субъектілері (оқушылармен жеке тұлғалар мен топтар, ата-аналар, әріптес мұғалімдер, сарапшылар, әкімшілікпен) [8].

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Замская Х.С. инклюзивті мектеп мұғалімі келесі шарттарға сәйкес тиімді жұмыс істей алады [9], Егер:

−ол икемді болса;

− ол қиындықтарға қызығушылық танытса, ол әртүрлі әдістерді қолдануға дайын болса;

− ол жеке ерекшеліктерді құрметтесе;

− ол топтың басқа мүшелерінің сөйлемдерін тыңдап, қолдана ала ма;

− ол сыныпта басқа ересек болса да, өзін сенімді ұстаса;

− ол басқа сарапшылармен бір топта жұмыс істеуге келіссе [10].

Сонымен қатар, инклюзивті білім беру мұғалімдері өздеріне берілген балалардың денсаулығы мен өміріне тікелей жауапты. Міндетті білім берудің ұлттық стандарттары мен оқу материалдарына сәйкес олар балалардың жасына сәйкес мектеп курстарын, экскурсияларды, сыныптан тыс іс-шараларды және ойын-сауық іс-шараларын жоспарлайды және өткізеді; сыныпта стандартты білім беру жоспарларын тиімді жүзеге асыруға жағдай жасайды; басқа сарапшылармен және мұғалімдермен демалысқа дайындалады; ойын - сауық және спорттық іс-шаралар; барлық оқушылардың бірлескен іс-шараларын жоспарлау және ұйымдастыру (басқа сарапшылармен бірлесіп); сарапшылардың ұсынымдарын ескеру, әр оқушыға жеке көзқарас қолдану [11].

Ата-аналармен отбасында балаларды тәрбиелеу мәселесі бойынша ынтымақтасуға және оларға мектеппен белсенді өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндік беруге; балалардың жеке ерекшеліктерін түсінуге және балалардың жеке даму жоспарларын тұжырымдауға және іске асыруға қатысуға; балалар қызметінің әртүрлі түрлерінің даму деңгейін, коммуникативтік қызметтің сипаттамаларын, мақсатты қызмет деңгейін, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын, мәдени және медициналық дағдыларды айқындауға; сарапшылардың ұсынымдарын орындайды [12].

Инклюзивті білім беруде мектеп мұғалімдеріне қойылатын тағы бір маңызды талап-олардың медицина, психология және неврология мамандарымен өзара әрекеттесуге дайындығы мен қабілетінің болуы. Бұл өзара іс-қимылдың негізгі мақсаты − мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуына, білім алуына, тәрбиесіне және әлеуметтенуіне жәрдемдесу болып табылатынын түсіну қажет. Сонымен қатар, қазіргі уақытта барлық мұғалімдер әріптестерінің көмегін қабылдай алмайды және олар белгілі бір салада «түсінбейтіндерін» мойындай алмайды. Инклюзивті білім берудің «алтын ережесі» − топтық жұмыс, бұл мұғалімдерді даярлау кезінде ерекше назар аударатын жағдай. Арнайы білім беру саласында топтық жұмыстың негізі өз кемшіліктерін мойындау, әріптестер мен сарапшылардың көмегін қабылдау және сарапшылармен үнемі сөйлесуге дайын болу [13].

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды енгізу жағдайында білім беру процесінің сапасын арттыру мақсатында оның барлық субъектілеріне, атап айтқанда әкімшілікке, мұғалімдерге, сарапшыларға, балалар мен ата-аналарға келесі ережелерді сақтау ұсынылады:

−әрқашан бір-бірімен ынтымақтастықта жұмыс істеу;

−өзін мамандардың топ мүшесі екендігін сезіну;

−бір-біріңді құрметпен қарау [14].

Инклюзивті білім беру үшін мұғалімдерді даярлау мазмұны дамуында ауытқулары бар балаларды оқытудың анатомиялық-физиологиялық негіздерін, дамуында ауытқулары бар балалардың психологиялық ерекшеліктерін, осындай балаларды оқытудың ерекше әдістері мен тәсілдерін, сондай-ақ жеке және топтық оқу бағдарламаларын үйлестіру әдістерін меңгеруге кәсіби қабілеттерін қалыптастыруды қамтуы тиіс.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, инклюзивті білім беру саласында әлеуметтік педагогтарға, психологтарға, дефектолог мамандарға ерекше рөл беріледі. Осы саладағы оқушылар айрықша назарда болады. Дамуында ауытқулары бар кейбір балалардың өзіндік

қабілеттері мен ерекшеліктері бар. Мысалы: кейбір балалар би, спорт және сурет салуды ұнатады. Осындай қызығушылықпен балаларды одан әрі дамыту-әлеуметтік педагогтар мен әр мұғалімнің міндеті.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1]. Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенция. «Білім туралы» 27.07.2007. № 319-III Заңы.

[2]. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Президентінің № 1118 Жарлығы. - Астана: Ақорда, 07.12.2010.

[3]. Дружилов С.А. Педагогтардың кәсіби қабілеттері мен кәсібилігі: /С.А.Дружилов. –Алматы: Білім. 2015.- 144 б.

[4]. Қазақстан Республикасының 11.07.2002. №343 «Мүмкіндіктері шектеулі тұжырымдасы».

[5]. Вольская О.В. Қазіргі әлемде инклюзивті білім беруді енгізу моделі: /О.В.Вольская, Н.Ю.Флотская, С.Ю.Буланова, З.М.Усова . –Алматы: 2014. -116б.

[6]. Кон И.С. Психология ранней юности: /И.С.Кон.– М.: Просвещение. 2011.- 256с.

[7]. Подласый И.П. Продуктивная педагогика: / И.П.Подласый. – М., 2013. -127с

[8]. Забрамная С.Д. Психолого-педагогическая диагностика умственного развития детей:/ С.Д.Забрамная – М.: Владос. 2013. -32с.

[9]. Замский Х.С. Умственно отсталые дети: / Х.С.Замский. –М.: Образование. 2014. -400 с.

[10]. Чепурных Е.Е.Социальная защита детства в сфере образования: /Е.Е.Чепурных. –М:. 2016.-186с.

[11]. Альтшуллер Г.С. Как стать гением: Жизненная стратегия творческой личности: / Г.С.Альтшуллер, И.М.Верткин. –Минск: Беларусь. 2013. -148с.

[12]. Штайнер Р. Вальдорфская педагогика: /Р.Штайнер. //Рукоделие и ремесла.- 2012. -№ 1.-С. 42-45.

[13]. Егенисова А.Қ.,Семирханова Д.К. COVID -19 пандемия уақытында тұрғындардың психикалықденсаулығы мен психоэмоциональды сапасының ерекшеліктері //Yeessenov Science Journal. №1(39)2021. -134-142б

[14]. Егенисова А.Қ., Кашиева А.Ж.Мінез-құлқында ауытқушылығы бар жеткіншектердің өзін-өзі бағалау ерекшеліктері. //Yeessenov Science Journal. №1(39)2021. -102-109б

REFERENCES

[1]. Convention on the Rights of Persons with Disabilities. "On Education" 27.07.2007. Law No. 319-III.

[2]. State program for the development of education of the Republic of Kazakhstan for 2011-2020. Decree of the President of the Republic of Kazakhstan No. 1118. - Astana: Akorda, 07.12.2010.

[3]. Druzhilov S.A. Professional abilities and professionalism of teachers: /S.A.Druzhilov. - Almaty: Education. 2015.- 144 p.

[4]. Republic of Kazakhstan 11.07.2002. No. 343 "Disability Concept".

[5]. Volskaya O.V. Model for the implementation of inclusive education in the modern world: /O.V.Volskaya, N.Yu. Flotskaya, S.Yu. Bulanova, Z.M. Usova. - Almaty: 2014. -116 p.

[6]. Kon I.S. Psychology of early youth: / I.S.Kon. - M.: Enlightenment. 2011.- 256s.

[7]. Podlasy I.P. Productive pedagogy: / I.P. Podlasy. - M., 2013. -127s

[8]. Zabramnaya S.D. Psychological and pedagogical diagnostics of the mental development of children: / S.D. Zabramnaya - M .: Vladoc. 2013.-32c.

[9]. Zamsky X.S. Mentally retarded children: / H.S. Zamsky. -M.: Education. 2014. -400 p.

[10]. Chepurnykh E.E. Social protection of childhood in the field of education: /E.E. Chepurnykh. -M:. 2016.-186c.

[11]. Altshuller G.S. How to become a genius: Life strategy of a creative person: /G.S. Altshuller, I.M. Vertkin. –Minsk: Belarus. 2013. -148s.

[12]. Steiner R. Waldorf pedagogy: / R. Steiner. // Needlework and crafts. - 2012. - No. 1.- S. 42-45.

[13]. Turkmenbayev A. B., Abdikermova E. A. the use of virtual models in the interpretation of physical models //Yeessenov Science Journal. №1(39)2021. -134-142b.

[14]. Egenisova A. K., Kashieva A. zh.features of self-esteem of adolescents with behavioral disorders. //Yeessenov Science Journal. №1(39)2021. -102-109b

Егенисова Алмажай Кулжановна
Каспийский университет технологии и инжиниринга им. Ш. Есенова,
г. Актау, Казахстан
Жумагулова Жазира Максетовна
Каспийский университет технологии и инжиниринга им. Ш. Есенова,
г. Актау, Казахстан

ПОДГОТОВКА УЧИТЕЛЕЙ ШКОЛ К ИНКЛЮЗИВНОМУ ОБУЧЕНИЮ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация. В этой статье описывается совместное обучение особых детей с недостатками в развитии с целью содействия процессу социализации и интеграции наряду со здоровыми детьми. Дается характеристика принятым документам, законам, постановлениям, связанным с инклюзивным образованием. В частности; отмечается, что как член международного сообщества РК полностью поддерживает основные принципы международных конвенций и деклараций. Всеобщая декларация прав человека,» декларация прав инвалидов«,» декларация прав умственно отсталых«,» Конвенция о правах ребенка«, закон Об образовании РК» о политике и принципах практической деятельности в области образования для лиц с особыми потребностями " и постановление правительства предусматривают включение детей с ограниченными возможностями в рассмотрены вопросы образования и подготовки учителей в данной сфере.

Говорят, что инклюзивное образование − это совместное обучение особых детей с небольшими отклонениями в развитии со здоровыми детьми с целью содействия процессу социализации и интеграции. Инклюзивное образование-позволяет всем детям активно участвовать в жизни дошкольных учреждений, школ и лицеев; определяет равные права учащихся. Дается определение концепциям инклюзивного обучения и воспитания, излагается содержание школ, работающих в инклюзивной образовательной среде, и трех различных образовательных программ.

Отметим, что профессиональная подготовка учителей инклюзивного образования является основным условием активного внедрения инклюзивного образования, динамичного, всестороннего, профессионального и индивидуального образования. Это выражается в форме специальных знаний, навыков и умений инклюзивного образования, которые выражаются в позитивных тенденциях и необходимости внедрения инклюзивного образования.

Кроме того, речь пойдет об условиях эффективной работы учителей инклюзивных школ. В инклюзивном образовании речь пойдет о требованиях к школьным учителям-готовности и способности сотрудничать со специалистами в области медицины, психологии и неврологии.

Ключевые слова: Инклюзив, особенный ребенок, социализация, интеграция, права ребенка, логопед, дефектолог, эксперимент.

Egenissova Almazhay kulzhanovna
Sh. Yessenov Caspian state university of technology and engineering, Aktau, Kazakhstan
Zhumagulova Zhazira Maksutovna
Sh. Yessenov Caspian state university of technology and engineering, Aktau, Kazakhstan

PREPARING SCHOOL TEACHERS FOR INCLUSIVE EDUCATION IN THE EDUCATION SYSTEM

Abstract. This article describes the co-education of special children with developmental disabilities in order to facilitate the process of socialization and integration along with healthy children. The characteristic of the adopted documents, laws, resolutions related to inclusive education is given. In particular, it is noted that as a member of the international community, the Republic of Kazakhstan fully supports the basic principles of international conventions and declarations. The Universal Declaration of Human Rights, the "Declaration of the Rights of Persons with Disabilities", the "Declaration of the Rights of the Mentally Retarded", the "Convention on the Rights of the Child", the Law on Education of the Republic of Kazakhstan "on policy and principles of practical activity in the field of education for persons with special needs " and the Government decree provide for the inclusion of children with disabilities in the issues of education and training teachers in this field.

It is said that inclusive education is the co−education of special children with minor developmental disabilities with healthy children in order to facilitate the process of socialization and integration. Inclusive education -allows all children to actively participate in the life of preschool institutions, schools and lyceums; defines the equal rights of students. The concept of inclusive education and upbringing is defined, the content of schools operating in an inclusive educational environment and three different educational programs are outlined.

It should be noted that the professional training of teachers of inclusive education is the main condition for the active introduction of inclusive education, dynamic, comprehensive, professional and individual education. This is expressed in the form of special knowledge, skills and abilities of inclusive education, which are expressed in positive trends and the need to introduce inclusive education.

In addition, we will talk about the conditions for the effective work of teachers of inclusive schools. In inclusive education, we will talk about the requirements for school teachers-readiness and ability to cooperate with specialists in the field of medicine, psychology and neurology.

Key words: Inclusive, special child, socialization, integration, child rights, speech therapist, defectologist, experiment.

ӘОЖ 37.02
ҒТАХР 14.07.09
DOI 10.56525//QDRS7741

ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІН ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУ

ЕГЕНИСОВА А.К.
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан
E-mail:almazhai.yegenissova@yu.edu.kz
ЖЕКСЕНБАЕВА Л.З.
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан
E-mail:leila.zhexenbayeva@yu.edu.kz
Автор корреспондент: almazhai.yegenissova@yu.edu.kz

Аңдатпа. Бұл мақалада оқытудың инновациялық технологиялары, соның ішінде интербелсенді әдістердің түрлері және олардың білім беру процесінде қалай қолданылатыны сипатталады. Осылайша, интербелсенді сөзі - «өзара әрекеттесу» термині сұхбат режимінде кіммен (адаммен) немесе кіммен (мысалы, компьютермен) сөйлесуге немесе сөйлесуге бейімділікті білдіреді.

Инновациялық білім беру жұмысы білім беру процесін өнімді білім алуға бейімдейтін жаңа технологияларды ұтымды енгізу арқылы тұжырымдалады. Бұлар – кабельдік және спутниктік теледидар, бейнеконференциялар, телефорумдар, телемарафондар, партфолио сияқты заманауи технологиялар, білім беру мен тәрбиедегі жеке жетістіктер және әлеуметтік оқытуды қоса алғанда, өмірлік дағдыларды дамыту бойынша тренингтер, солардың ішінде әр-түрлі жетістіктер туралы айтылады.

Интербелсенді оқыту - бұл ең алдымен мұғалімдер мен оқушылар өзара әрекет етіп, сұхбаттасып оқыту екендігі туралы айтып өткен. Интербелсенді оқытудың негізгі мақсаттары туралы сөз қозғалған:

– студенттер арасында еркін және ашық шығармашылық қарым-қатынас орнату;
– студенттерді өз бетінше білім іздеуге бағыттау;
– студенттерге қажетті білік пен дағдыларды дамыту;

Интербелсенді әдіске анқытама беріп, оның мақсаттарына тоқталған. Айтып өтсек: оқыту мақсаты – студенттер арасында еркін және ашық шығармашылық қарым-қатынас орнату; студентке білімді өз бетінше іздеуге бағыттау; студентке қажетті білік-дағдыларды қалыптастыру және т. б.

Сонымен қатар, интербелсенді әдістердің түрлері: джигсо әдісі, кейс-стади, жобалау әдісі, миға шабуыл, тренинг, «Фишбоун» әдісі, «өрмекші» әдісі, Істамбұл ойын әдісі, «Бэкроним» әдісі, «Істық орындық» әдісі, іскерлік ойындар, рөлдік ойын, эссе туралы сипаттамалар беріліп, оларды қолданудың тиімділіктері туралы сөз болады.

Кейс-стади әдісі (жағдаят арқылы оқыту әдісі) - нақты немесе елестетілген жағдайларды талдау және болжау үшін, яғни нақты экономикалық және әлеуметтік жағдайларды сипаттау үшін қолданылатын оқыту әдісі болып табылады. Жағдай (кейс) жағдайында біз ұжымдағы нақты шынайы жағдайдың жазбаша түрде берілуін айтамыз. Мысалы, білім беру тарихы, ұйымды ұйымдастыру және құру, оның дамуы, бизнестегі жетістіктері және т.б. айтылады.

Түйінді сөздер: инновация, интербелсенді әдістер, джигсор, кейстер, жоба, тренинг, миға шабуыл, фишбоун, эссе, ойын, пікірталас.

Кіріспе. Инновациялық білім беру жұмысы білім беру процесін өнімді білім алуға бейімдейтін жаңа технологияларды ұтымды енгізу арқылы тұжырымдалады. Бұлар – кабельдік және спутниктік теледидар, бейнеконференциялар, телефорумдар, телемарафондар, партфолио сияқты заманауи технологиялар, білім беру мен тәрбиедегі жеке жетістіктер және әлеуметтік оқытуды қоса алғанда, өмірлік дағдыларды дамыту бойынша тренингтер, солардың ішінде әр-түрлі жетістіктер.

Бүгінгі таңда негізгі әдіснамалық инновация оқытудың интербелсенді әдістерін қолданумен байланысты. «Интерактив» сөзі ағылшын тіліндегі «interact» сөзінен шыққан. «inter» бұл «өзара», «act» – «әрекет ету» дегенді білдіреді[1].

«Интербелсенді» сөзі – өзара әрекеттесу немесе диалог режимінде болу немесе кіммен (адаммен) немесе немен (мысалы, компьютермен) өзара әрекеттесу үрдісін білдіреді. Осылайша, интербелсенді оқыту алдымен мұғалімдер мен оқушылар өзара әрекеттесетін сұхбатта жүзеге асырылады [2].

Интербелсенді әдіс – бұл белсенді оқудың өзара әрекеттесу әдісі. Интербелсенді әдістің мақсаты – ақпарат беру ғана емес, сонымен қатар оқушыларды жауаптарды өз бетінше іздеуге бейімдеу.

Интербелсенді оқытудың негізгі мақсаттары:

– студенттер арасында еркін және ашық шығармашылық қарым-қатынас орнату;
– студенттерді өз бетінше білім іздеуге бағыттау;
– студенттерге қажетті білік пен дағдыларды дамыту.

Сурет 1 - Элиот Аронсонның Джигсо әдісі (постермен жұмыс)

Зерттеу материалдары мен әдістері. Джигсо әдісінде берілген тақырып топта талқыланады және топта әртүрлі тәсілдермен жұмыс істейді. Топтағы жұмысын талқылау, идеялармен бөлісу және ынтымақтастықты дамыту үшін басқа топқа өкілдерді жіберіп, өзінің жұмысын сол топта талқыла. Бұл ынтымақтастыққа, жұмыстағы бірлікке, жолдастарымен білім алмасуға, тақырыптарды талқылауға және негізгі ойларды сралап, салыстыруға жетелейді.

Мәтіндер немесе дәріс мәтіндері 3-4 бөлікке бөлінеді, сонымен қатар студенттер 1-ден 3,4, 5-ке дейін нөмірленген топтарға топтастырылады. Осыдан кейін олардың әрқайсысы мәтіннің тек бір бөлігін өз нөміріне сәйкес мәтіннің сол бөліктерін оқиды. Содан кейін топтың құрамы өзгереді, жаңа топтар («сараптамалық топ») құрылады және студенттер олардың санына сәйкес сараптамалық топқа жиналады: мәтіннің 1-бөлігін оқыған студенттер 1-топқа қатысады және т.б. өкілдер басқа топтарға барып, өз жұмыстарымен таныстырып, ұсынады және топтық талқылаулар өткізеді.

Сурет 2 - Білім алушылардың постерде джигсо әдісімен жұмысы

Кейс-стади әдісі (жағдаят арқылы оқыту әдісі) - нақты немесе елестетілген жағдайларды талдау және болжау үшін, яғни нақты экономикалық және әлеуметтік жағдайларды сипаттау үшін қолданылатын оқыту әдісі. Жағдай (кейс) жағдайында біз ұжымдағы нақты шынайы жағдайдың жазбаша түрде берілуін айтамыз. Мысалы, білім беру тарихы, ұйымды ұйымдастыру және құру, оның дамуы, бизнестегі жетістіктері және т.б. Дәріс берушілер жағдайды талдауға, мәселенің мәнін түсіндіруге, шешімді көрсетуге және ең тиімді шешімді таңдауға көмектесуге міндетті. Мәселелерді шешуге, баламаларды анықтауға, мақсаттарды айтуға және талдауға мүмкіндік береді.

Кейс: қате үйретілген термин. Мұғалім сабақ кезінде студенттерге интербелсенді оқыту әдісі бойынша 1 терминді қате уйретеді. Ол студент 2-ші курста шетелге академиялық ұтқырлық бойынша оқуға барады. Оқу кезінде ол қате үйретілген термин сөзді айтады. Сол кезде шетелдегі сабақ беретін оқытушы студентке «сіз мені балағаттап отырсыз» –деп заң орындарына шағымданады. Студент сотта өзінің айтқан сөзінің дұрыс екенін дәлелдеуге тырысады. Сонымен іс ушығып, елшілікке дейін жетеді. Соңында бұл іске елшілік араласып, әр түрлі мамандарды шақырады. Яғни, халықаралық сарапшы, лингвист маман, адвокат, сот өкілдері қатысып, сот өтеді. Сот кезінде студентке термин сөз қате үйретілгендігі дәлелденіп, ол ақталып шығады.

Тапсырма:

1. Студенттің бұл жерде кінәсы бар ма?
2. Мұғалімнің қандай қателігі бар?
3. Мәселенің шешімін ролдік ойын арқылы жүргізу [3].

«Фишбоун» әдісі. Постерде біз балықтың қаңқасы суреті салып, ал тақырып басына жазылды. Дененің жоғарғы қанаттарында бұл идеяның себебі жазылады, ал төменгі қанаттарда бұл идеяның салдары жазылады. Түйіннің ойлары балықтың құйрығына жазылады. Осыдан кейін ауызша, жазбаша кері байланыс беруге болады [4].

Жаңа ақпаратты, пікірлерді сұрақ-жауап арқылы жаза отырып, қорытынды ойларды жинақтау. Берілген мәліметтерге сүйене отырып, олар өз сұрақтарын қояды және топтық жұмыста жауаптарды, рефлексияларды және белгілі бір талқылауға, ой қорытуға, қорытындыларға келуге жетелейді.

Сурет 3 - «Фишбоун» әдісі (постерде) Жапондық профессор Исикава бойынша

Келесі әдіс – «өрмекші» әдісі *(постерде немесе сабаққа қатысушылар бір-біріне жіпті лақтыру арқылы сабақтарды қорытып, игере алады.*

Сурет 4 - Білім алушылар өрмекші әдісімен сабқаты қорытындылауда

Жаңа материалдарды әзірлеу және негізгі ойларды бекіту. Өрмекшінің сұлбасына зерттелген материалды пысықтау мақсатында кезең-кезеңдерімен пысықтауға тиімді.

Студенттер постерге өрмекшінің сұлбасын салып, өз идеяларын егжей-тегжейлі есептеп, басына тақырыпты, денесіне өзекті идеяларды, аяқтарына тірек сөздер арқылы шешу тәсілдерін жазып, өз ойларын тиянақтап, белгілі бір тұжырымдарға әкеледі.

«Ақылдың алты ойшыл қалпағы» әдісі. Бұл топтық танымдық белсенділік әдісі, ол тапсырмаларды ақылға қонымды ұйымдастыруға арналған және қабылдау мен бағалаудың барлық аспектілерін көрсетеді. Сұрақ, жағдаят алдын-ала беріледі. Ол көп қырлы болуы және оған нақты жауабы немесе шешімі жоқ болуы тиіс. Сынып 6 топқа бөлінеді және әр топ өзіне бір қалпақты таңдайды(жеребе бойынша не бөліп береді). Әр қалпақ түсі идеяның даму бағдарын айқындайды [5].

1.Ақ түс – ең бейтарап. Сондықтан топ мүшелері фактілерді зерттейді. Басқаша айтқанда, бәрі мұның себебін дәлелдеді, басқаша емес екенін дәйектейді.

2. Сары – шуақты, бақытты және позитивті. Топ мүшелері артықшылықтарды іздей отырып, ұсынылған шешімнің оң жақтарын ғана көрсетеді.

3. Қара – теріс, күңгүрт, терістейтеу. Бұл топ материалға күмәндануы керек.

4. Қызыл – бұл эмоция. Бұл топ өз нәтижелерінде негіздемесі жоқ, ол жағдайдың эмоционалды аспектілерін ғана қарастырды.

5. Жасыл түс – бұл шығармашылық. Бұл топтың мүшелері бұл жағдайдың жаңа шешімдерін ұсынады, олар керемет және күтпеген болуы мүмкін.

6. Көк – бейтарап, бағаланады. Шын мәнінде, топта басқа топтардың пікірлерін, идеяларын бағалап, талдайтын, оңтайлы пікірлі сарапшылар мен талдаушылар болады, олар топтың барлық ұсыныстарын бағалайды және ең жақсы шешімді табады.

Сурет 4 - Эдвард де Бононың «Ақылдың алты ойшыл» қалпақ әдісі

Бұл «Алты қалпақ» стандарты болып таблады. Бірақ әр мұғалім сабақтың тақырыбына сәйкес жоспарлары мен стратегияларын реттей алады.

«Ыстық орындық» әдісі. Сыныптағы кез-келген оқушыға «ыстық орындыққа» отыру ұсынылады. Ең бастысы – өз еркімен шығу. Оқушылар үстел басында отырады, қоршауда тұрады және үй тапсырмасында қойылған сұрақтарға жауап береді. Мұғалім тапсырмаға қатысты сұрақтарға жылдам жауап беру қажеттілігін түсіндірді [3].

Сурет 5 - «Ыстық орындақ» сұрақ жауап әдісі

Егер сұраққа жауап беру мүмкін болмаса, «күйді» деген ескерту беріледі. Осылайша, бес-алты оқушы үй тапсырмасын немесе жаңа сабақтарды қорытындылау туралы сұрақтарға жауап беру үшін «ыстық орындықта» отырады.

«Ыстық орындықтың» екінші нұсқасына сәйкес, «ыстық орындықта» отырған студент басқаларға сұрақтар қоя алады.

«Шаттық шеңбері» (тренинг). Ол сабақты бастамас бұрын қолданылады. Студенттер үлкен шеңберге тұрып, кезек-кезек тілектер айтты. Студенттерді позитивті атмосфера құруға, бір-біріне тілек айтуға, эмоцияларды жақсартуға және ізгі ниетті оятуға үйретіп және бауырмалдығы, достығы, сыйластығы артады [6].

Сурет 6 - «Шаттық шеңбері» (Тренинг)

Бұл әдіс студенттердің ойларын немесе тілектерін білдіру, оларды тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау және барлық оқушыларды тарту арқылы оқу ортасының атмосферасы жасалады.

Жоба әдісі – пәнаралық болып табылады және әдетте студенттің бірнеше пәндер бойынша алған білімдерін қолдану қабілетіне негізделген топпен орындалады. Жобаны білім алушылардың өздері жүзеге асырады, ал оқытушылар тек кеңестер мен ұсыныстар береді. Дәстүрлі білім беру жүйесіндегі оқу бағдарламасының пәндері студенттердің жеке үлгеріміне негізделген [7].

Тақырыбы	Интербелсенді әдістердің оқу процесінде қолданылуы
Мақсаты:	Интербелсенді әдістердің қолданылу аясын зерттеу, мазмұнын жүйелеу, пайдалануға ұсыныстар беру
Тапсырма:	- Интербелсенді әдістер туралы мерзімдік басылымда шыққан мақалалармен, оқу құралдарымен, оқу-әдістемелік құралдармен оқып, танысу, зерттеу; - Интербелсенді әдістер және олардың түрлері туралы ассоциограмма құру; - оқытушылар арасында сауалнама жүргізу.
Шешімі:	- дөңгелек үстел өткізу, пікірталас ұйымдастыру; -презентация дайындап, қорғау -қорытындылау.
Нәтижесі:	Жобаны 2 аптада дайындау. Білім алушылардың интербелсенді әдістер туралы ұғым түсінігі қалыптасып, болашақта практика жүзінде қолдана білу іскерлігі мен дағдылары қалыптасады.

Сурет 7 - «Интербелсенді әдістердің оқу процесінде қолданылуы» атты жоба

Жобаны әзірлеу. Бұл әдіс қатысушыларға аудиториядан шығып және талқыланған мәселелер бойынша өз әрекеттерін жоспарлауға мүмкіндік береді. Қатысушыларға мамандандырылған ұйымдардан кеңес алу, кітапханадан әдебиеттер сатып алу және т.б. мүмкіндігі бар. Қатысушыларға газеттерден тақырыпқа байланысты басылымдар, суреттер мен мақалалар жинау, содан кейін осы материалдарды топта талқылау ұсынылуы мүмкін.

Төменде орындалған жобаны бағалау критерийлерін ұсынамыз.

№	Бағалау критерийлері	Ұпай
1	Жоспардың нақтылығы және жоба мазмұнының логикалық қисындылығы	15
2	Мәселені шешудің барлық әдістерінің қамтылуы	20
3	Тапсырманы орындауда студенттің ғылыми ізденушілік жұмыстарының нәтижелілігі	20
4	Тапсырманы уақытында орындауы	10
5	Әдістемелердің талапқа сай дайындығы мен жобаның эстетикалық рәсімделуі	10
6	Презентация қорғау және берілген тапсырма бойынша өз пікірін дәлелдей алуы	25
	Барлығы:	100

Сурет 8 - Жобаны бағалау критерийі

«Миға шабуыл» – американдық ғалым А.Обсорн жасаған «миға шабуыл» (brainstorming) ұсынды. Бұл әдіс оқыту әдісі ретінде университеттің оқытушылық тәжірибесінде әлі толық қалыптасқан жоқ.

Миға шабуылдың алтын ережесі – талқылауға қатысушылардың бір бір сөзіне қарсы емес, өз идеяларын еш ойланбастан ашық айтуы. Бұл жағдайда әртүрлі ойлар пайда болады және күтпеген шындыққа жанаспайтын идеялар пайда болады. Осы мақсатта миға шабуыл жасалды. Бірақ ол ғылыми зерттеулерде басқаруда сәтті нәтижелерді табу үшін қолданылады [8].

«Іскерлік ойындар» – бұл сарапшының болашақ мансабының тақырыбы мен әлеуметтік мазмұнының заманауи түрі, ал модельдеу жүйелері арасындағы байланыс бұл қызметті тұтастай сипаттайды. Бұл болашақ мамандықтардың (келісімшарттық модель, кәсіби қызмет, өндірістік диалектика) және қоғамның практикалық жағдайын имитациялайтын ұжымдық білім беру қызметінің бір түрі.

«Іскерлік ойында» қарастырылып отырған материалдардың нақты жағдайларына сәйкес әр студентке жетекші, қарсылас, комментатор, логик, психолог, сарапшы және т.б. сияқты белгілі бір рөл беріледі. Қарсыластар немесе комментаторлар айтылған идеяны, баяндамашының сөзін сынайды, оны талқылайды және дұрыс және бұрыс жақтарын көрсетеді; қарама-қарсы идеяны білдіріп, басқа жауап береді [9].

Логика пікірталасқа қатысқандардың қайшылықтарын көрсетті, логикалық қателіктерді қарастырды, негізгі ұғымдарға түсініктеме берді және дәлелдеу процесін талдады. Психологтар пікірталас процесін бақылайды, қарым-қатынас ережелерінің сақталуын бақылайды және пікірталастың жоғары білім деңгейінде өтуін қамтамасыз етеді. Сарапшылар пікірталас нәтижелерін талқылау кезінде іздеуге және әрекеттің басталуына байланысты бағалайды.

Бейнефильмдерді көру және талқылау. Сабақтарда көркем және деректі бейнефильмдерді, олардың фрагменттерін, сондай-ақ бейнероликтер мен бейнеклиптерді пайдалануға болады. Тиісті мазмұндағы бейнелер тек қосымша материалдар ретінде ғана емес, сонымен қатар олардың тақырыбы мен мазмұнына негізделген сабақтар мен тренингтердің кез-келген түрін қолдана алады. Фильм көрсетілмес бұрын студенттерге бірнеше (3-5) негізгі сұрақтар қою керек. Бұл кейінгі талқылауға негіз болады. Алдын ала таңдалған кадрлардың көмегімен фильмді тоқтатып, пікірталас жүргізе аламыз. Соңында, біз студенттермен бірігіп, нәтижелерді қорытындылап, қорытындысын жариялауымыз керек [10]. Мұғалімдер, білім алушылардың мінез-құлқын ескере отырып, рөлдерді дербес бөледі.Бұл әдістің артықшылығы – әрбір қатысушы ұсынылған рөл контекстінде әрекет етеді, белгілі бір жағдайды анық және шынайы түрде байқайды, белгілі бір әрекеттердің салдарын сезінеді және шешім қабылдайды.

Практик-психолог кәсібі үшін мүмкін болатын ойындар:

1.«Кеңесшінің қабылдауында»; Рөлдер - тұтынушы, кеңесші

2. «Отбасылық психотерапия конференциясы"; Рөлі- Отбасы (2,3,4,5 адам).

3.«Жұмысқа қабырдауг"; рөлі – психолог, әр түрлі адамдар лауазымдарға үміткер.

4. «Ішушілер отбасы»; рөлдер-ана, әке, бала (психологиялық қорғауды қажет ететіндер.

Мұндай рөлдік ойындарды әр мұғалім өз пәні бойынша құрастыра алады. Мұнда, әдеттегідей, психотерапиялық тренингтің әртүрлі фрагменттері кеңінен қолданылады [11].

Дәлелденген эссе – бұл оқу орындарында студенттердің оқу курсының соңында алған білімдерін немесе оның модульдерін тексеру мақсатында жазбаша шығармашылық түрінде жұмыс түрінде қолданылатын журналистика жанры. Мақала еркін тақырыпта да жариялануы мүмкін [12].

Бенджамин Блум – американдық педагог-психолог. Ол өзінің теориясын «Блум таксономиясы» кітабында дамытты: адамның сипаттамаларын өзгерту және тегістеу және білім беру мақсаттарын жүйелеу. Блум таксономиясын 1956 жылы Бенджамин Блум басқаратын білім комитеті әзірледі. Бұл сыни тұрғыдан ойлау деп санауға болатын ойлау дағдыларының кеңінен қолданылатын иерархиялық моделі. Блумды жіктеу әдісінің мақсаты – оқытудың неғұрлым жан-жақты түрін құру.

Сурет 8 - Блум такономиясы

Таксономия – белгілі бір критерийлер мен орындарға сәйкес объектіні жүйелеуді топтастыруды немесе жіктеуді білдіреді. Айта кету керек, Блум таксономиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру студенттерге толық ақпаратты қабылдаудан гөрі, ондағы сұрақтарды зерттеуді, талдауды және салыстыруды, ойлауды және бағалауды жеңілдетеді. Блум таксономиясы адамның ақыл-ой қабілеттерінің құрылымы когнитивті процестің қарапайымнан күрделіге біртіндеп ауысу процесінде белсенді әрекетке әкелетін тапсырмалардың 6 деңгейінің құрылысына сәйкес келуі керек [1].

Блум таксономиясы – бұл студенттердің сыни ойлауын бағалау арқылы нәтижелер мен жетістіктерді тану және түсіндіру процесі, мақсаттардың қадамдық жүйесін қамтиды. Сыныптағы оқу процесінде сіз Блумды жіктеу әдісін қолдана отырып бағалау әдісін қолдана алады[13].

«Бэкроним» әдісі.Білім алушыларың логикалық ойлау қабілетін, сөз қорын дамыту. Ойлау қабілеті дамиды, сөздік қоры молаяды, жазылым дағдысы қалыптасады. Сөзде берілген әр әріптері бойынша мағыналы сөйлем құрылады. Сөздер бастапқы әріптен

басталады. Мысалы, *критерий К-критерий, Р- реттелген, И- икемді, Т-тәсіл, Р-растайтын, И-иландаратын т.б*

«Ыстамбул» ойын-әдістері. Білім алушылардың ойлау қабілетін дамытады. Сөздік қорын арттырады. Берілген сөз бойынша сөздің әріптерінен сөздер құру. Сөздегі әріптерден асып кетпеу керек.

Мысалы. Дескриптор, критерий деген сөздерден ішіндегі ішіндегі әріптерді пайдаланып, жаңа сөздер құрастыру. *Дескриптор - тор, ор, декор, т.б. Критерий- тер, ит, рет* т.б.

Зерттеу нәтижелері. Интербелсенді оқытуды ұйымдастыру ережелері:

Бірінші ереже: Оқытуға қатысушылар толық көлемде қатысуы керек. Осы мақсатта барлық қатысушыларды талқылау процесіне тарту әдістері қолданылады.

Екінші ереже: Қатысушылардың психологиялық дайындығына қамқорлық жасау. Осыған байланысты жақсарту және жетілдіру, студенттерге өздерін жүзеге асыруға мүмкіндік беру және жұмысқа белсенді қатысатын қатысушыларды үнемі ынталандыру пайдалы.

Үшінші ереже: Интерблсенді технологияда студенттер көп болмауы керек. Қатысушылар саны оқу сапасына тікелей байланысты. Олардың қолайлы саны-25 адам. Мұндай жағдайларда ғана шағын топтардың жұмысы жемісті болуы мүмкін.

Төртінші ереже: Жұмысқа дайындыққа назар аудару. Ғимарат қатысушылар үлкен және кіші топтарда жұмыс істеу үшін оған оңай орналасатындай етіп дайындалуы және физикалық қолайлы жағдайлар жасалуы керек.

Бесінші ереже: Процедура және регламент мәселелерге назар аудару. Мысалы: барлық қатысушылар әркімнің сөз бостандығы мен құқығын құрметтеп, төзімділік таныту қажет.

Алтыншы ереже: Семинарға қатысушылар топтарға бөлінеді. Ең алдымен, мұны еріктілік негізінде жасаған дұрыс. Содан кейін кездейсоқ таңдау принципін қолдану керек.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, оқытудың интербелсенді әдістері – білім алушылардың сыни тұрғыдан креативті ойлауын, танымдық белсенділіктерін арттырып, оқу материалын шығармашылық жолмен меңгеруін, теорияны практикамен байланыстыра білуді, ғылыми-ізденістерін, зерттеушілік қабілеттерін, ойлау операциялары: талдау, синтездеу, жүйелеу, салыстыру, нақтылау, абстракциялау және ой қорытындыларын: индукциялық, дедуккциялық, аналогиялық қорытынды жасай білуді меңгереді.

Сонымен қатар, Шығыстың ұлы ойшылы, Түркі дүниесінің ұлы ғұламасы әл-Фараби бабамыз айтқандай «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» айтып өткендей білім алушыларды бір-бірінің көзқарастары мен пікірлерін сыйлауды, қолайлы психологиялық қарым қатынасты, ынтымықтастықты қалыптастырып, тәрбиелеп, жан-жақты, сегіз қырлы, бір сырлы, бәсекеге қабілетті маман тәрбиелеуге ықпал етері сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1]. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО –да қолдану мәселелері: оқу құралы/ А.Әліміов. – Алматы: 2013. -447 б.

[2]. Егенисова А.Қ. Психологияны оқыту әдістемесі: оқу құралы /А.Қ.Егенисова. – Алматы: Бастау. 2018. -352 б.

[3]. Егенисова А.Қ. ЖОО психологиялық пәндерді оқыту теориясы мен әдістемесі: Оқу құралы/ А.Қ.Егенисова. – Алматы: Бастау. 2018. -304 б.

[4]. Айтбаева А.Б. Білім берудегі жаңа технологиялар: оқу құралы/А.Б.Айтбаева. Алматы: 2016. – 230 б.

[5]. Бөрібекова Ф.Б. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: оқу құралы/ Ф.Б.Бөрібекова, Н.Ж.Жанатбекова. - Алматы: 2018. -360 б.

[6]. Карандашев В.Н.Методика преподавания психологии: учебное пособие/ В.Н.Карандашев. –Питер: 2013. -250 с.

[7]. Ерментаева А.Р. Жоғары мектеп психологиясы:оқулық/А.Р.Ерментаева. – Алматы: Дәуір. 2015. -492 б.

[8]. Касен Г.А. Теория и методика преподавания психологических дисциплин В Вузе:/ Г.А.Касен. – Алматы: Қазақ университеті. 2015. -240 с.

[9]. Зимняя И.А. Педагогикалық психология: учебник /И.А.Зимняя. –Алматы: TST-compay. 2005. – 368 б.

[10]. Жақыпов С.М. Психологияны оқыту әдістемесі: оқу құралы/С.М.Жақыпов., Н.Қ.Тоқсанбаева. – Алматы: Қазақ университеті. 2015. -190 б.

[11]. Герасимова В.С. Методика преподавания психологий. Учебное пособие/ В.С.Герасимова. – М:. 2014. -140 с.

[12]. Егенисова А.Қ., Едилова Н.И. Мектеп мұғалімдерінің коммуникативті құзіреттілігінің психолингвистикалық ерекшеліктері //Yeessenov Science Journal. №1(39)2021. -122-130б.

[13]. Түркменбаев А.Б., Абдыкермова Э.А. Физикалық модельдерді түсіндіруде виртуалды модельдерді пайдалану //Yeessenov Science Journal. №1(39)2021. -165-171б.

REFERENCES

[1]. Alimov A. problems of using interactive methods in higher education: a textbook/ A. Alimov. - Almaty: 2013. - 447 p.

[2]. Egenisova A.K. methodology of teaching psychology: a textbook /A.K.Egenisova. - Almaty: Start. 2018. - 352 p.

[3]. Egenisova A.K. theory and methodology of teaching psychological disciplines in higher education: textbook/ A.K. Egenisova. - Almaty: Start. 2018. – 304 b.

[4]. Aitbayeva A.B. new technologies in education: a textbook/A.B.Aitbayeva. Almaty: 2016. – 230 b.

[5]. Buribekova F.B. modern pedagogical technologies: a textbook/F.B.Buribekova, n.zh.Zhanatbekova. - Almaty: 2018. – 360 b.

[6]. Karandashev V.N.Methodology of teaching psychology: textbook /V.N.Karandashev. - Peter: 2013. – 250 c.

[7]. Ermentaeva A. R. Psychology of Higher school: textbook/A. R. Ermentaeva. - Almaty: Epoch. 2015. - 492 p.

[8]. Kasen G.A. Theory and methodology of teaching psychological disciplines in Higher education:/ G.A.Kasen. - Almaty: Kazakh University. 2015. -240 c.

[9]. ZimnayaI.A. Pedagogical psychology: textbook/I.A.Zimnaya.-Almaty:TT-compay. 2005. - 368 p.

[[10]. Dzhakupov S.M. methodology of teaching psychology: textbook /SM.Dzhakupov. N. K.Toksanbayeva. - Almaty: Kazakh University. 2015. – 190 b.

[11]. Gerasimova V.S. Methodology of teaching psychology. Textbook /V.S. Gerasimova. - M:. 2014. -140 c.

[12]. Yegenisova A. K., Edilova N. I. psycholinguistic features of the communicative competence of school teachers //Yeessenovvv Science Journal. №1(39)2021. – P. 122-130

[13]. Turkmenbayev A. B., Abdikermova E. A. the use of virtual models in the interpretation of physical models //Yeessenov Science Journal. №1(39)2021. - B.165-171

Егенисова Алмажай Кулжановна
Каспийский университет технологии и инжиниринга им. Ш. Есенова,
г. Актау, Казахстан
Жексенбаева Лейла Зинуровна
Каспийский университет технологии и инжиниринга им. Ш. Есенова,
г. Актау, Казахстан

ПРИМЕНЕНИЕ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ

Аннотация. В этой статье будут описаны инновационные технологии обучения, включая типы интерактивных методов и то, как они используются в образовательном процессе. Таким образом, слово «интерактивный» - термин «взаимодействие» - относится к склонности общаться или общаться с кем (человеком) или с кем (например, с компьютером) в режиме интервью.

Инновационная образовательная работа формулируется путем рационального внедрения новых технологий, адаптирующих образовательный процесс к получению продуктивного образования. Это современные технологии, такие как кабельное и спутниковое телевидение, видеоконференции, телефорумы, телемарафоны, партфолио, индивидуальные достижения в образовании и воспитании, а также тренинги по развитию жизненных навыков, включая социальное обучение, в которых рассказывается о различных достижениях.

Было отмечено, что интерактивное обучение – это, прежде всего, обучение, в котором учителя и учащиеся взаимодействуют и проводят собеседования. Речь шла об основных целях интерактивного обучения:

– установление свободных и открытых творческих отношений между студентами;
– ориентация студентов на самостоятельный поиск знаний;
– развитие навыков и умений, необходимых студентам.

Он дал интервью интерактивному методу и остановился на его целях. Отметим: цель обучения-установление свободных и открытых творческих отношений между студентами; ориентация студента на самостоятельный поиск знаний; формирование у студента необходимых умений и навыков и др.

Кроме того, типы интерактивных методов: метод лобзика, тематическое исследование, метод проектирования, мозговой штурм, обучение, метод "Фишбоун", метод «паук», Стамбульский метод игры, метод "Бэкроним», метод "горячего стула", деловые игры, ролевые игры, будут даны описания эссе, и речь пойдет об эффективности их использования.

Метод тематического исследования (метод ситуационного обучения) - это метод обучения, используемый для анализа и прогнозирования реальных или воображаемых ситуаций, то есть для описания конкретных экономических и социальных ситуаций. В случае ситуации (кейса) мы имеем в виду письменную передачу реальной реальной ситуации в коллективе. Например, рассказывается об истории образования, организации и создании организации, ее развитии, достижениях в бизнесе и т. д.

Ключевые слова: инновации, интерактивный метод, джигсо, кейс, проект, тренинг, мозговой штурм, фишбоун, эссе, игра, дебаты.

Egenissova Almazhay kulzhanovna
Sh. Yessenov Caspian state university of technology and engineering, Aktau, Kazakhstan
Zheksenbayeva Leila Zinurovna
Sh. Yessenov Caspian state university of technology and engineering, Aktau, Kazakhstan

APPLICATION OF INTERACTIVE TEACHING METHODS IN THE EDUCATIONAL PROCESS

Abstract. This article will describe innovative learning technologies, including the types of interactive methods and how they are used in the educational process. Thus, the word "interactive"

- the term "interaction" - refers to the tendency to communicate or communicate with someone (a person) or with someone (for example, a computer) in an interview mode.

Innovative educational work is formulated through the rational introduction of new technologies that adapt the educational process to productive education. These are modern technologies, such as cable and satellite television, video conferences, telephone forums, telethons, party portfolios, individual achievements in education and upbringing, as well as life skills development trainings, including social training, which tell about various achievements.

It was noted that interactive learning is, first of all, learning in which teachers and students interact and conduct interviews. It was about the main goals of interactive learning:

– the establishment of free and open creative relationships between students;

– orientation of students to independent search for knowledge;

– development of skills and abilities necessary for students;

He gave an interview to the interactive method and focused on its goals. Note: the purpose of the training is to establish free and open creative relations between students; orientation of the student to an independent search for knowledge; formation of the necessary skills and abilities of the student, etc.

In addition, the types of interactive methods: jigsaw method, case study, design method, brainstorming, training, Fishbone method, Spider method, Istanbul game method, Backronym method, hot chair method, business games, role-playing games, essay descriptions will be given, and it will be discussed about the effectiveness of their use.

The case study method (situational learning method) is a teaching method used to analyze and predict real or imaginary situations, that is, to describe specific economic and social situations. In the case of a situation (case), we mean a written transmission of the real real situation in the team. For example, it tells about the history of education, organization and creation of the organization, its development, achievements in business, etc.

Key words: innovation, interactive method, jigsaw, case study, project, training, brainstorming, fishbone, essay, game, debate.

УДК 31. 316.012
DOI 10.56525//XXYF9179

МЕЖЭТНИЧЕСКАЯ ИНТЕГРАЦИЯ В ВОСПРИЯТИИ НАСЕЛЕНИЯ МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ (ПО МАТЕРИАЛАМ СОЦИОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ)

МАМБЕТОВА А.И.
Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова
Актау, Казахстан
E- mail: altyn.mambetova@yu.edu.kz
АБИДИН А.Н.
Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова
Актау, Казахстан
E- mail: abubakir.abidin@yu.edu.kz
***КАЮПОВА Ф.М.**
Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова
Актау, Казахстан
E- mail: farida.kayupova@yu.edu.kz
***Автор-корреспондент:** farida.kayupova@yu.edu.kz

